

Мазмұны

1. Жалпы мәліметтер.
2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмыс.
3. Ғылыми-экспозициялық және көрме жұмысы.
4. Ғылыми-қор және есеп-сақтау жұмысы.
5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.
6. Онлайн жұмыс
7. Музейдің әдістемелік жұмысы.
8. Бұқаралық ақпарат құралдары мен басылым қызметі.
Ғылыми кітапхана және ғылыми архив.
9. Ақылы қызмет енгізу бойынша жұмыс.
10. Музейдің материалдық-техникалық базасы.
- 11.Музейдің қоғамдық активі.
- 12.Музей қорғанысы.
- 13.Қорытынды.
- 14.2024 жылғы міндеттер.
- 15.Негізгі көрсеткіштер бойынша есеп.
- 16.Музей қызметі бойынша есеп (форма №1 - жылдық музей).
- 17.БАҚ музей қызметі туралы



1. Жалпы мәліметтер.

101404 Қарағанды облысы.

Теміртау қ., Metallургтер даңғылы 28/4

Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі келушілер үшін 1973 жылдың 6 қарашасында ашылды. Ол төбесі жұмсақ, екі қабатты блок ғимаратында орналасқан. Алғашқысында ғимарат төртінші ықшам аудан сауда орталығына арналған. КСРО МИМ Қарағанды металлургиялық комбинаттың 6.11. 1973 жылғы № 572 бұйрығымен ғимарат ҚТӨМ-ына жалға берілді.

Бірінші қабаттың жартысында азық-түлік дүкені орналасқан. Жалпы аумағы 1098 м², экспозициялық алаң – 700 м², қор қоймасы- 80 м². 1990 жылы музей күрделі жөндеуге жабылды. Ақша құнының құлдырау салдарынан жұмыс көлемі 25% - ғана орындалды.

Ол – ғимаратты жөндеу, сонымен қоса алаңы 80 м² экспозиция салынды – «Палеонтология», «Туған өлке табиғаты».

1996 ж. алдында қатып қалған жылу беру жүйесін қалпына келтіргеннен кейін, музейдің екінші қабаттағы бірінші залдары ашылды. 2001ж. музейдің төбесі күрделі жөндеуден өткен соң, музейдің экспозициялық алаңын қолдануға мүмкіншілік туды.

Мәдени орталықтарға жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы мемлекеттік бағдарлама жүзіндегі Жол картасы аясында 2009 жылы музей ғимаратының сыртқы келбеті өңделді және 2010 жылы электр және жылу жүйесі, ішкі бөлмелері, төбе жабындысы жөнделді.

Есеп беру кезеңінде музейде 10 зал жұмыс істейді.

№	Залдың атауы	Ашылған жылы
1	Туған өлке табиғаты	1991
2	Палеонтология	1991
3	Көрме залы	1999
4	«Археология» залы	1999
5	«Этнография және Қазақстан халықтар бірлігі » залы	1999-2001, резк.2006
6	«Қала тарихы» залы	2000, 2005, 2011
7	«Еске алу» залы	2000-2003, 2011
8	«Нумизматика» залы	2001, 2008
9	«Теміртау – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қаласы» залы «Тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы - Теміртау» залы	2009 ж. 2023 ж7

Негізгі міндеттер:

- музей жинақтары мен музей заттарын жинақтау, есепке тіркеу, сақтау және қайта жаңарту, ағартушылық пен білім беру қызметін жүзеге асыру;
- музей жинақтары мен музей заттарының халық үшін қол жетімдігін қамтамасыз ету;
- музей жинақтары мен музей заттарын анықтау, зерттеу, жариялау;
- музей қызметін әлеуметтік- жас шамалық, білімділік жағынан түрлі топтардың талабы мен қызығушылығын ескере отырып ұйымдастыру;
- музейге келушілердің санын арттыру;
- музейдің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- музейлік, экскурсиялық, бос уақытты қызықты өткізу қызметінің жаңа заманауи әдістерін дамыту;
- музей ісінің ұйымдастырылуына Интернет-технологиялар мен компьютеризациялауды енгізу;
- білім беру және ғылыми мекемелермен бірлесе жүргізетін жұмысты ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- музей заттарын есепке тіркеу және сақтау;
- музей қорын жинақтау;
- қорда сақталатын заттарды зерттеу, жүйелеу, электрондық базасын қалыптастыру;
- көркем студиялар, үйірмелер, дәрістемелер, түрлі қызығушылығына қарай біріккен бірлестіктер құру;
- мәдени-ағартушылық пен мәдени-педагогикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға мәдени-жаппай және туристік-экскурсиондық қызмет көрсету;
- музей мамандарының біліктілігін арттыру;
- музей қырыны бойынша монографиялар, тізімдемелер, кітапшалар дайындау;
- музей жинақтары мен заттарын қорғау бойынша іс-шараларды құрастыру және іске асыру;
- азаматтарға қосымша музей және сервис қызметтерін ұсыну;
- музей аймағында жаппай іс-шараларды, тұсау кесер шараларды өткізуді ұйымдастыру.

Жоспардың құрылу негізі:

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы
- «Қазақстан-2050» стратегиясы
- ҚР мемлекеттік және кәсіби мерекелері

- Ел және қала тарихындағы атаулы күндер

Офлайн и онлайн форматтағы музей жобаларының жұмысы:

- Ұрпақтардың жанды байланысы
- Туған қаланың көшелері
- «Теміртау – естелік суреттер»
- «Отбасымызбен музейге»
- «Қала көшелерін аралай...»
- «Музей барлығы үшін»- мүмкіндігі шектелген балаларға арналған бейімдеу бағдарламасы
- «Теміртаулықтардың өмірінен шағын оқиғалар»

• 2. Ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмысы.

2024 жылғы барлық жұмыс, негізгі мақсаттар мен бағыттарды қамтыған 2023 жылдың соңында бекітілген ғылыми-жинақтау жұмыс жоспары бойынша құрастырылды.

«Қала тарихы» залы

- Қаланың негізгі нысандарының құрылысы туралы фото - бейне материалдарды, қала тұрғындарының естеліктерін жинақтау
 - Теміртаудың ауыр өнеркәсібінің тарихы туралы материалдарды жинақтау.
 - «Сталиндік қуғын-сүргін дәуірі туралы Теміртау қаласы тұрғындарының естеліктер жинағы» буклетіне материал жинақтау және басып шығару
 - «Жауыртау – ата-бабалар жолымен» атты бөлімге материал жинақтау
- #### **«Тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы - Теміртау» залы**
- Теміртау қаласының заманауи өндірістік кәсіпорындары туралы материалдарды толықтыру және жинақтау.

Еске алу залы

- ҰОС ардагерлері және Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер туралы материалдарды топтау.
- Теміртау қаласының қорғаныс Департаментімен бірлесе отырып, ардагерлердің майдан жолын, марапаттарын, естеліктерін, қолда бар ақпараттарды өңдеу.

Нумизматика залы

- Экспозиция бөлімдері бойынша экспонаттар жинақтау және сатып алу.
- Айырбастау қорына монеталар мен бондар жинау.
- «Теміртау қаласының банк жүйесі» бөлімін жаңартып, материалдар жинау.

Табиғат залы

- Жаңа интерактив аймақтарын құрастырып, іске асыру.
- Экспозицияның ақпараттық материалы толықтырылды.

Археология залы

- Ерте қола дәуірі пештерінің макеттері бойынша экспозицияны толықтыру.
- Тас еңбек құралдары, «Үңгір адамының киімі» интерактивті аймақты құрастыру.

Этнография залы

- Қазақ ұлттық костюмі туралы материал жинап, іс-шара ұйымдастыру
 - Костюмдерді зерттеу, тігу.

- «Қуыршақтар көрінісі» жобасының аясында
– Қуыршақтарды ойластырып, тігу.

Көрме залы

- Теміртау суретшілерінің «Т- АРТ» клубының жұмысы
- Өткізілетін көрмелер бойынша буклеттер мен каталогтар жасау
- Өнер шығармаларын жинақтау: картиналар, мүсіндер, сәндік қол-өнер заттары.
- Өнер туындыларының қор коллекциясының каталогын жасау.

1. Ғылыми – экспозициялық жұмыс

Ғылыми – зерттеу және жинақтау жұмысы Тәуелсіз Қазақстанның заманауи тарихына, туған өлке тарихына деген қызығушылықты қалыптастыруға, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға, патриоттық және эстетикалық тәрбиеге бағытталды.

Музей тұрақты экспозицияны жинақтаумен қатар, өз қорының негізінде және басқа да ұйымдар мен жеке тұлғалардың жинағы негізінде уақытша экспозицияларды құруды жалғастырды. Ғылыми – зерттеу жұмысының материалдарын қолдана отырып, есеп беру кезеңінде ғылыми құраммен жаңа тақырыптар зерттеліп, ескі экспозициялық тақырыптар жаңа деректермен толықтырылды.

2024 жылғы 12 қаңтарда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Мен суретшімін – мен осылай көремін» атты қалалық суретшілер клубының есеп беру көрмесінің ашылуы өтті.

Клубтың 16 суретшісінің қатысуымен өткен «Мен суретшімін-мен осылай көремін» көрмесі көрермендерге 2022-2023 жылдар аралығында жасаған туындыларды алғаш рет көрсетуге бағытталған. Әрбір туынды талқыланып, өте қатаң түрде іріктелді. Нәтижесінде барлық жұмыстар есеп беру, қорытынды көрмеге қатыса алмады.

Ұсынылған туындылар жанрлардың алуан түрлілігімен және орындалу техникасымен ерекшеленеді. Классикалық, дәстүрлі шығармалардан бастап қазіргі абстракттық шығармаларға дейін. Пильтихин Ю., Малецкая Е., Мұстафина Х., Комарова Г., Малярова Г., Садовский В., Лазариди В., Литвинов А. сияқты бұрыннан келе жатқан суретшілер ғана емес, сонымен қатар алғаш рет клубтық көрмеге қатысып отырған Тришина П., Гайфулина О. өз суреттерін ұсынды.

2024 жылдың 15 қаңтарда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Балалар күнтізбесі, 1941 жыл » атты экспозициясының ашылуы өтті.

Теміртау өлкетану музейінің қорында сақталатын 1941 жылғы балалар күнтізбесі біздің заманымызға бастапқы қалпында жетті. Мұнда аптаның күні туралы ғана емес, сонымен қатар күн мен айдың шығуы мен бату уақыты, күннің ұзақтығы туралы да мәліметтер болды. Парақтың артында әрдайым тарих пен әдебиеттен бастап үй шаруашылығы мен қолөнерге дейінгі әртүрлі тақырыптардағы танымдық ақпарат жазылды. Экспозицияда көрсетілген бірінші бөлімі 1941 жылдың 2 шілдесімен аяқталады. Бәлкім, балалар күнтізбесінің

екінші бөлігі ешқашан сатып алынбаған да шығар: ел өміріне орасан зор қайғылы өзгерістер енді, 1941 жылдың қарсаңында осы күнтізбені сатып алған Бажановтар отбасының да өмірін өзгерткен өзгерістер.

2024 жылғы 7 ақпанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Қарағанды қаласының 90 жылдығына арналған «Белгілі ммәліметтің белгісіз деректері» экспозициясының ашылуы өтті.

Қарағанды мен Теміртаудың өзара байланысы сөзсіз және бұрыннан белгілі. Теміртау қаласының Қазақстанның қара металлургия орталығы ретінде танымал болуы - Қарағанды көмір бассейнін өндіру мен дамытудың нәтижесі. Теміртаудың қала құраушы кәсіпорны – Қарағанды металлургия комбинаты үшін (2023 жылдан бастап – «QARMET» Акционерлік қоғамы) және басқа кәсіпорындар үшін Қарағанды көмірі басты отын болып табылады.

Қарағанды мен Теміртаудың өзара байланысы сөзсіз және бұрыннан белгілі. Алайда, бұл қарым-қатынас әрдайым өнеркәсіптік саламен байланысты емес көптеген маңызды, кейде маңызды да емес, белгісіз оқиғалардан тұратынын бәрі ойлай бермейді: мысалы мәдениет, медицина, спорт саласының тарихымен байланысты.

Біз бұл белгісіз деректерді жинақтап, оларды Қарағанды облыстық мұрағатының қорынан алынған тарихи суреттермен және Теміртау тарихи - өлкетану музейінің қорынан алынған жәдігерлермен толықтырдық және оларды екі қаланың - Қарағанды мен Теміртаудың тағдырларының тоғысуын бейнелейтін экспозицияда ұсындық.

2024 жылғы 13 ақпанда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Қарағанды облыстық өнер музейі қорының «Қарағанды шежіресі» атты көрме ашылды.

Көрме Қарағандының 90 жылдық мерейтойына орайластырылған. Және облыс музейлері арасындағы көрмелер алмасуының аясында өткізіледі.

Көрмеге қойылған кескіндемелер әр түрлі кезеңдегі Қарағандыны көруге мүмкіндік береді және өзіндік көркем шежіресін ұсынады. Көрменің негізінде - индустриалды және қалалық көркемдік көріністер.

Гилевский Г., Исмаилов А., Андриюк П., Реченский П. туындыларының арқасында біз ескі Қарағандының және оның аймағындағы шахталар мен террикондардың сипаттамасын көреміз.

Басқа көріністер бізді XX ғасырдың 70-80 жылдарымен таныстырады. Олар қаланың қалай өзгергенін, тұрғын үйлердің, мәдени нысандардың жаңа ғимараттарының қалай пайда болғанын көруге мүмкіндік береді.

А. Проценко, О. Дроздов, М. Ведерников, М. Раковтың көркем суреттерінде қазіргі кезеңдегі Қарағанды бейнеленген.

Тарихты адамдар жасайды, сондықтан көрмеде Х.Мақажановтың, шахтер Т. Күзембаевтың, ғарышкер Т. Әубәкіровтың бейнепортреттері қойылған.

15 ақпанда Теміртау қаласының Мәдениет сарайында Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстаннан шығарылуының 35 жылдығына арналған Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің көшпелі экспозициясы өтті.

Экспозицияда теміртаулық интернационалист - жауынгерлердің бірегей фотосуреттері мен құжаттары ұсынылды: үйлеріне жазылған хаттары, көлік жүргізушілерге және саперлерге арналған жадынамалар, әскери операциялардың фотосуреттері, моджахед куәлігі және т. б.

Қаза тапқан интернационалист жауынгерлердің фотосуреттері 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстан аумағынан Кеңес әскерлері шыққан Термез көпірін бейнелейтін қара бағандарға орналастырылды.

Барлығы шықты, ал қайтыс болған жігіттердің тірі бейнесі жадыда, тек Термез көпірінің артында қалды.

Экспозиция орталығында, тордан жасалған фонда Ауған соғысы дәуіріне тән жәдігер-заттардан жиналған интерактивті инсталляция орналасқан: далалық телефон, берц етігі, гитара, кассеталық магнитофон, Калашников автоматының оқжатары және 1979-1989 жылдар аралығындағы интернационалист-жауынгерлер туралы мақалалар басылған газеттер.

Көрмеге мыңға жуық теміртаулықтар мен қала қонақтары, оның ішінде 150 – ден астам интернационалист жауынгерлер қатысты.

2024 жылғы 21 ақпанда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Кеншілер шамы» экспозициясының ашылуы өтті.

Қарағанды тарихы 1934 жылы 10 ақпанда қайта құрылып, қала мәртебесіне ие болған жұмысшы кентінен бастау алады. Кеншілер астанасының 90 жылдық мерейтойы аясында кеншілер шамы ұсынылып, Қарағанды облысындағы шахталарды жарықтандыру жүйелерінің эволюциясы туралы айтылды.

Біздің экспозицияда ұсынылған кеншілер шамы - 1950-ші жылдардағы «Красный луч» зауыты өндірген Дэви шамының кеңестік үлгісі. Кеншілер шамын Теміртау музейінің қорына қаланың ескі тұрғыны Владимир Дмитриевич сыйға тартқан болатын.

Кеншілердің көптеген ұрпақтары мыңнан астам адамның өмірін сақтап қалған осы қарапайым және сенімді шамды ерекше сезіммен еске алады.

Экспозицияның ашылуы «online» режимде өтті.

2024 жылғы 23 ақпанда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде, Қарағандының 90 жылдығына арналған, Қарағанды облысының Суретшілер одағы мүшелерінің «Күн тасты қала» көрмесі ашылды.

Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының Қарағанды облыстық ұйымы биыл өзінің 60 жылдық мерейтойын атап өтеді. 1964 жылы құрылды. Бұл кәсіби суретшілер ұжымы, олардың арасында еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері бар. Одақтың өзіндік дәстүрлері бар, олардың бірі тақырыптық есеп беру көрмелерін өткізу. Сондықтан кескіндемелердің сюжеттерін таңдау алдағы мерейтойға байланысты болды.

Көрмеде 31 шебердің 70-тен астам туындысы ұсынылды. Бұл тек Қарағандыда ғана емес, республикада да, одан тыс жерлерде де көпшілікке белгілі кәсіби суретшілердің шығармашылығы. Олардың қатарында Асқаров Қуат, Бегалин Айбек, Проценко Владимир, Мәжитова Таңсық, Болух Александр бар.

Экспозицияда қала табиғатының көрінісі маңызды орын алады. Дроздов Олег, Сергей Щеголихиннің суреттерінде айқын көрсетілген. Оларда кеншілер

астанасының танымал көшелері, аулалары, үйлері бейнеленген. Табиғат көрінісін бейнелеудің шеберлері ретінде олар қарапайым үйреншікті сюжеттерде ерекше әсемдікті көре алды.

Троценко Владимир мен Мұстафина Хайнисаның графикалық урбанистік композициялары өте қызықты. Олар коллаж форматында аралас техникада жасалған.

Сәндік-қолданбалы өнер Евгения Шульцтің шығармаларындағы халықтық кәсіп- киіз басу, және Надежда Болухтың шағын пішінді мүсіндерімен ұсынылған.

Овсеева Роза мен Казакова Евгенияның суреттерінде символдық-аллегориялық белгілері бар абстракцияны көруге болады.

2024 жылдың 7 наурызында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Халықаралық әйелдер күніне орай «Дала – Ана» философиялық экспозициясының ашылуы өтті.

Экспозицияда біздің түсінігімізде даламен сипатталатын әйел бейнесін жасауға тырыстық. Дала-Ана бейнесін біз қардай әппақ ақ орамал арқылы көрсеттік. Бұл ақтықта ниеттің тазалығы, адалдық, пәктік бар... бұл адам өмірінің негізі - ана сүтінің түсі.

Ежелгі қазақ петроглифтерімен безендірілген, этнографиялық жәдігерлер жинағы арқылы біз XIX – XX ғасырдың басындағы дала әйелдерінің тұрмысын көрсеттік. Жәдігерлер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кино және фотоқұжаттар мұрағаты қорларының бірегей фотосуреттерімен толықтырылды.

М.Әуезовтің «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөздері экспозицияның тәжі.

Біз көрермендерімізге дала тұрғындарының рөлі мен мәртебесі, олардың соңғы бірнеше ғасырда қалай өзгергені туралы ойлануды ұсындық. Экспозицияны көріп, біздің идеямызды ой елегінен өткізіп, өзінің көзқарасымен бөлісті. Философияға беріліп...

2024 жылғы 18 наурызда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Кісе белбеу» экспозициясының ашылуы өтті.

Қазақтың ұлттық киімі өзінің әсемдігімен және алуан түрлігімен ерекшеленеді. Оның үлгілері әлемдік мәдениеттің ажырамас бір бөлігіне айналып, әлемнің этнографиялық музейлерінде лайықты орын алды. Қазақ ұлттық киімінде халықтың эстетикалық мұраттары, оның өмір салты көрініс тапты. Бас киімдер, зергерлік бұйымдар, ерлер шапаны, ою-өрнекпен безендірілген әйелдер камзолы – бұл қазақ ұлттық мұраның аз ғана бөлігі. Олардың ішінде ерлер белбеуі - кісе белбеу ерекше орын алады.

Қазақ халқының зергерлік өнер үлгілерінің бірі - кісе белбеу біздің жобамызда ұсынылып отыр. Ол күміс жалатылған металмен безендірілген былғарыдан, Моңғолияда XX ғасырда тапсырыс бойынша жасалған және Теміртау қаласының тұрғыны Ж.Қағбаттың әкесінің жеке заты.

Көптеген дәстүрлер қайта келмес заманда, кешегі күнде қалды. Дегенмен, күнделікті қолданыстан шыққан, музей жәдігеріне айналған, материалдық

мәдениетке жататын заттар туралы баяндап, біз әр кез тарихи мұрамызды жаңғыртып отырамыз.

2024 жылғы 22 наурызда Наурыз мейрамын тойлаудағы қалалық іс-шаралары аясында «Наурыз мерекесінің атрибуттары» атты көшпелі экспозициясы өтті.

Ол Теміртаудағы Астана алаңында орналасты. Экспозициялық киіз үйде 8 бөлімнен құралды. Әрқайсысында Наурызды тойлау дәстүрін дәріптейтін ақпараттық материалдар, сондай-ақ қазақ халқының материалдық мәдениетінің фотосуреттері мен этнографиялық жәдігерлері ұсынылды.

2024 жылғы 5 сәуірде фотосуретші Сергей Кочмаревтің «Өнер қоқыс» атты жеке көрмесінің ашылуы өтті.

Көрме автордың 60 жылдық мерейтойына орайластырылған. Сергей Кочмарев кәсіби фотосуретші.

Ұсынылған көрме бұл әр түрлі уақыт шамасында түсірілген ең үздік фотосуреттер. Олардың арасында Сергейдің шығармашылығында ерекше орын алатын Нью-Йорк жанрындағы суреттер сериясы бар. Сондай-ақ пейзаж жанры да көп. Көрменің орталық бөлігінде фотосуретшіні қоршап тұрған және шығармашылық процесте қолданылатын заттардан жасалған инсталляция - бұл өнер қоқыс - философиялық тұжырымын суреттейді.

2024 жылдың 16 сәуірінде «Ай жәдігері» жобасының аясында онлайн режимде «Каталитикалық жылытқыш ГК-1» экспозициясының ашылуы өтті.

Біздің экспозицияда кеңестік гаджет ұсынылған, ол сыртқы пішінімен темекі сауытқа немесе кәдімгі оттыққа ұқсас, бірақ оның практикалық мақсаты әлдеқайда зор. Бұл зат бүгінгі күнде де аңшылар, балықшылар мен альпинистер арасында кеңінен қолданылады. Бұл ГК-1 каталитикалық жылытқышы. Мұндай жылытқыш КСРО-да 70-ші жылдары шығарылды, құны 6 рубль 50 тиын болды.

Теміртау музейінің қорына жылытқышты Қарағанды металлургия комбинатының еңбек ардагері - Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген туризм нұсқаушысы, «Горизонт» Теміртау туристер клубының мүшесі, «Меридиан» жүгіру әуесқойлары клубының мүшесі, фотосуретші, ақын Ромашкин Шихаб Кадырович тапсырды. Шихаб Кадыровичтің басты әуестерінің бірі туризм мен альпинизм болды. Біздің экспозицияда ұсынылған оттық қожайынымен бірге небір жолдармен жүріп отырып, Тянь-Шань, Памир, Кавказ және Алтайдың шыңдарын бағындырған.

2024 жылғы 26 сәуірде Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «ART MIX» атты суретшілер көрмесінің ашылуы өтті.

Биылғы жылы көрмеге белгілі теміртаулық суретшілер – Қазақстан республикасының суретшілер Одағының, Қазақстан республикасының дизайнерлер Одағының мүшесі Мұстафина Х., Аманжолов Б., Пильтихин Ю., Сатаев И., Лазариди В., Садовский В., Бабий С., сондай - ақ жас авторлар Николаева Е., Крупнова Т., Гайфулина О., Тришина П., Широпаев Э. - олардың ішінде көбісі «Т-АРТ» клубының мүшелері.

Ғ.Жұбанова атындағы Өнер мектебінің оқытушылары да өз жұмыстарын ұсынды. – Градова Э., Карягина Е., Мельханова Е., Соловьева С., Сотник А.

Көрме жанрлар мен орындау техникасының алуан түрлігімен ерекшеленеді. Классикалық, дәстүрлі шығармалардан бастап қазіргі абстрактік шығармаларға дейін.

2024 жылдың 2 мамырында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Әскери құрғақ азық үлесі» экспозициясының ашылуы өтті.

Біздің экспозицияда әскери құрғақ азық үлесі ұсынылды - әрбір қазақстандық әскери қызметшіге арнайы жүктерді алып жүру, далалық шығу, оқу-жаттығуларда, маневр жасауда, дүлей зілзала аудандарында, бітімгершілік операцияларда, яғни ыстық тамақ дайындауға мүмкіндік болмаған жағдайда берілетін жеке азық мөлшері.

Экспозицияның ашылу барысында № 17 жалпы әскери жеке азық үлесін дайындайтын Қостанай қаласының «Первомайск ТПК» ЖШС туралы айтылды. Көрнекті түрде құрамына қандай тағамдар кіретіні туралы және сақталу мерзімі туралы айтып өттік.

Сонымен қоса әскери қызметшілерге арналған азықты ғалымдар эксперимент жүргізу арқылы анықтайтыны туралы ақпарат ұсынылды.

Біздің экспозицияда ұсынылған әскери азық үлесін Теміртау музейінің қорына 5516 әскери бөлімшесі тапсырды.

2024 жылғы 6 мамырда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Жеңіс күніне арналған «Тарихи жаңғырту» жобасының тұсаукесері өтті.

Жобаның міндеті – жаңғырту арқылы - музей қорында сақталған Ұлы Отан соғысы кезіндегі естеліктерді кәсіби тұрғыда оқу арқылы тыңдаушылардың жан тебіренісін, толғанысын ояту.

Жобаға Теміртау қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер театрының актерлері қатысты. Олар Ұлы Отан соғысының заттардан жасалған тарихи инсталляцияның аясында біздің Батыр ата-бабаларымыздың тағдырын көз алдымызға елестетуге мүмкіндік беретіндей етіп бірнеше естеліктерді оқыды.

Бірінші монологта майданға шақыру қағаздары мектепке сабақ кезінде әкелінген Самарқанд кентінің (Теміртау қ.) жоғары сынып оқушыларының тағдырлары қалай қалыптасқаны туралы айтылды.

Екінші монолог көшпелі эвакогоспиталь медбикесінің атынан жүргізілді.

2024 жылғы 9 мамырда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан теміртаулық жауынгерлерге арналған ескерткіштің жанында «Есімізде» атты тарихи инсталляция ашылды.

3 бөліктен тұратын музей аймағы ұйымдастырылды. Бірінші бөлікте қор жәдігерлері негізінде алғашқы медициналық көмек көрсетудің интерактивті аймағы «Далалық госпиталь» қайта жаңғырды. «Соғыс сандары» орналасқан бөлікте - қаралы стелаларда соғыстың статистикалық цифрлары қор жәдігерлерімен толықтырылған.

«Далалық пошта» - Теміртау музейінің көпжылдық акциясы. 5 жыл ішінде 11200 «Үшбұрыш хаттар» жиналды, онда акцияға қатысушылар ҰОС

батырларына құрмет ретінде «Есімізде» деген сөзді және өз есімдерін жазды. Билғы жылғы 9 мамырда «Далалық пошта» жәшіктеріне тағы да 3 мың хат келіп түсті.

2024 жылғы 31 мамырда Балаларды қорғау күніне орайластырылған Ғ. Жұбанова атындағы Балалар өнер мектебінің көркемсурет бөлімі оқушыларының «Дарындар шоқжұлдызы» атты шығармашылық көрмесі ашылды.

2002 жылдан бастап музейдің Көрме залында жыл сайын есеп беру көрмесі өтеді. Онда түлектер сурет, кескіндеме, композиция, суретшілердің шығармаларының көшірмесі бойынша дипломдық және оқу жұмыстарын көрсетеді.

Биыл өнер мектебін 37 оқушы бітіреді.

Көрмеде техниканың, жанрдың және материалдардың алуан түрлілігімен ерекшеленетін 83 жұмыс ұсынылды. Портреттер, натюрморттар, сюжеттік суреттер акварель, гуашь, майлы бояу, құрғақ пастельмен жасалған. Тоқыма жіптерден жасалған сәндік-қолданбалы өнер, терра техникасындағы коллаждар, ағаш күйдіру, ағаш бұйымдарын бояу, витраждар, мозаика, киізден жасалған бастырма кеңінен ұсынылған. Сондай-ақ көркем пластилиннен жасалған мүсіндік композициялар.

2023-2024 оқу жылының дипломдық жұмыстары келесі оқытушылардың жетекшілігімен орындалды: Амантай А. А., Карягина Е. С., Сотник А. Я., Пак И. Я., Соловьев Ю. В.

2024 жылғы 10 маусымда «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «КСРО Жазушылар Одағының мүшесі В. Г. Фетьконың билеті» экспозициясының ашылуы өтті.

Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Олжас Сүлейменов – бұл КСРО Жазушылар Одағының жазушылары мен ақындарының тізімінің аз ғана бөлігі. Олардың қатарында біздің жерлесіміз - ақын Фетько Виктор Георгиевичтің (1943-2005 жж.) есімі де бар. «Ай жәдігері» экспозициясында ақынның мүшелік билеті ұсынылды.

Жазушылар Одағының мүшесі Фетько Виктор Георгиевичтің билетін зерттей отырып, қызықты фактіге тап болдық - жазушыларға берілген лақап ат мүшелік билетте ресми түрде бекітілген. Виктор Фетьконың лақап аты - Виктор Семенов. Дегенмен, Теміртау музейінің қорында осы лақап атпен жазылған бірде-бір кітап жоқ. Тіпті «Соңғы бесжылдық» деп аталатын кітаптың қолжазба нұсқасында оның шын есімі жазылған.

Біздің экспозицияда ұсынылған «Соңғы бесжылдық» деп аталатын кітаптың қолжазба нұсқасы 1996-2000 жылдары, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін елімізде және Теміртауда экономикалық, әлеуметтік дағдарыс қарқындап тұрған кезде жазылған. Бұл өзгерістер ақынның дүниетанымына қатты әсерін тигізді. Өз заманының шежірешісі Фетько Виктор Георгиевич өзінің өлеңдерінде, барлық қала тұрғындарының көзқарасына сәйкес келетін, қалалық мәселелерге өткір сын білдірді.

2005 жылы 14 маусымда Фетько Виктор Георгиевич дүниеден қайтты. 2018 жылы ақынның 75 жылдығына орай, оның қызы Инна Фетьконың қаража-

тына, «Соңғы бесжылдық» атты өлеңдер жинағы басылымға шықты, оған қолжазба нұсқадағы барлық дерлік өлеңдер кірді. Ақын Фетьконың қызметіне байланысты жәдігерлерді Теміртау музейінің қорына ақынның қызы Инна Фетько тапсырды.

Экспозицияның ашылуы әлеуметтік желілерде өтті. Экспозиция бір ай бойы жұмыс істейді.

2024 жылғы 10 шілдесінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде ««Сабын салғыш» аяқ-киімі. СК зауыты» экспозициясының ашылуы өтті.

Теміртау музейінің қорында сән саласына және Теміртау қаласына тікелей байланысты жәдігер сақталған - бұл «сабын салғыш» деп аталатын аяқ-киімдер.

1950 жылдардың аяғында синтетикалық материалдар киім мен аяқ киім өндірісінде белсенді қолданыла бастады. Батыста әйелдер аяқ киімінің жаңа моделін Jelly shoes деп атады, бұл желе аяқ киім дегенді білдіреді.

КСРО-да желе аяқ киімдері 1980 жылдары ерекше танымал болды және «сабын салғыш» деп аталды - барлық сәнқойлар өз гардеробында осындай ыңғайлы және күтімі оңай аяқ киімнің болғанын қалады.

«Ай жәдігері» жобасы аясында біздің экспозицияда ұсынылған аяқ киім Теміртау қаласындағы «Сопрен-2-СК» зауытында жасалған. Олардың бағасы 12 сом болды.

XX ғасырдың 80-ші жылдарында «Сопрен-2-СК» зауытының негізінде тапшы тауарларды, тіпті қарапайым кеңестік адамдарға әлі таныс емес қызметтерді ұсынатын өндірістік кооперативтер ұйымдастырылды. Мұндай кооперативтер зауыт базасында «сабын салғыш» аяқ киімдерін өндірді.

1988 жылы Қарағанды металлургия комбинатының абаттандыру және көгалдандыру цехына қарасты кооператив төрағасы Теміртау музейінің қорына алты жұп жағажай аяқ киімін сыйға тапсырды.

2024 жылғы 15 шілдеде, Металлургтер күні қарсаңында «Қаладағы қала» экспозициясының ашылуы өтті.

«Қаладағы қала» экспозициясы - бұл комбинатқа мүлдем басқа қырынан қарағандағы көзқарас. Комбинаттың сызбасына көз салсақ: көшелер, ғимараттар, өндірістік кешендер, теміржол жолдары, медициналық пункттер, өрт сөндіру бекеттері, автобус аялдамалары, жаяу жүргіншілер өткелдері бар 700 га жер көлемінде орналасқан шағын қаланы көруге болады.

«Қаладағы қала» экспозициясы көп деңгейлі. Біз қарапайым мәтіндер, түсті сызба және экспозицияның техникалық орналасуы есебінен Қарағанды металлургиялық комбинатының күрделі жүйесі мен тарихын жеткізуге тырыстық.

Бірінші деңгей - комбинаттың сызбасы, экспозицияда басты орын алып тұр. Диаграммада ҚМК негізгі өндірістерінің нысандары әртүрлі түстермен көрсетілген.

Екінші деңгей - бұл сызбадағы түстерді өндіріс атауы мен құрылымына сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түсті сызба.

Үшінші деңгей - бұл қор және заманауи фотосуреттер, материалдар және мәтіндік материалдар арқылы келесі өндірістердің тарихы мен технологиясын

толық ашатын, сызбадан металл тіректер мен ақпараттық блоктарға жүргізілген түсті сызықтар...

Өндірістер:

- агломерациялық;
- коксохимиялық;
- домендік;
- болат балқыту;
- прокат;
- қосалқы цехтар.

Ашылу рәсіміне Қарағанды металлургиялық комбинатының ардагерлері және «Шаңырақ» орталығының еріктілері қатысты.

2024 жылғы 9 тамызында «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Мұз айдыны. Хоккейшінің есеп карточкасы» экспозициясының ашылуы өтті.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып шайбалы хоккей Теміртау қаласында дами бастады. Бұл спорттың тарихы 1959 жылдан басталады. Сол жылы қалалық спорт комитетінің төрағасы Қуанышбек Еламанұлы Едгин Мәскеуге КСРО қоғамдық спорт ұйымдары Одағы кеңесінің төрағасымен кездесуге барып, Теміртау қаласына хоккей формасын бөлуді сұрады. Алынған төрт жиынтық форма қаланың ірі кәсіпорындары - Қазақ металлургия зауыты, ҚарГРЭС-1, синтетикалық кәушік зауыты және «Қазметаллургстрой» тресі арасында бөлінді.

1974 жылы Компартия облыстық комитетінің бірінші хатшысы Коркин Александр Гавриловичтің бастамасымен «Қазметаллургстрой» тресінің күшімен ауданы 1830 ш. м. хоккей алаңымен 5000 орынға есептелген жасанды мұзы бар «Строитель» спорт сарайы ашылды.

Экспозицияда тағы бір талантты Теміртау хоккейшісі Мәмбеталиев Ғалым Баубекұлының жеке карточкасы ұсынылып отыр. Шабуылшы Ғ. Б. Мәмбеталиев теміртаулық «Строитель» және «Болат», қарағандылық «Автомобилист» және «Строитель», сондай-ақ Новосибирсктің СКА, альметьевскийдің «Нефтяник» және «Мостовик» командаларын қорғады. Ғалым Баубекұлының жаттықтырушылық қызметі 2002 жылы теміртаулық ЦСКА-да басталды. Әрі қарай маман «Барыс», «Сарыарқа» және Қазақстан ұлттық құрамасында жұмыс істеді.

2009 жылы Ғ. Б. Мәмбеталиев елордалық «Барыс» жүйесіне оралды. Әр кезеңде ол қазақстандық хоккей флагманының негізгі командасын, сондай-ақ «Барыс-2» және «Номад» фарм-ұжымдарын, сондай-ақ «Қарлы барыстар» жастар командасын басқарды.

2023 жылдың қаңтарында Ғалым Баубекұлы Қазақстанның студенттер құрамасын американдық Лейк-Плэсидтегі Дүниежүзілік қысқы Универсиаданың қола медальдарына алып келді. Бірнеше айдан кейін «Номад» оның басшылығымен ел чемпионы атанды. Сонымен қатар, соңғы екі жыл ішінде ол Қазақстан Республикасының ересектер ұлттық құрамасымен жұмыс істеді. Ригадағы 2023 және Аралдағы 2024 жылғы әлем чемпионаттарында біздің команда әлемдік хоккейдің элиталық дивизионында өз позицияларын бекіте алды.

Қазіргі уақытта Ғалым Мәмбеталиев елордалық «Номад» командасының бас жаттықтырушысы.

2024 жылғы 20 тамыз күні «Қарағанды Суретшілер одағы» қоғамдық бірлестігінің 60 жылдығына орай Қазақстан Суретшілер одағы мүшелерінің шығармашылық көрмесі ашылды.

Биылғы жылы қаланың белгілі ұйымдарының бірі – Суретшілер Одағы – 60 жылдық мерейтойын атап өтеді.

Облыстық өнер музейінің қорынан ұсынылған бұл көрмеде суретшілер одағының мүшелері әр кезеңде жасаған туындылар көрсетілді.

Көрмеде ұсынылған 37 туынды графикалық суретте, кескіндемелік кенептерде, линогравюрада әртүрлі техникалық әдістерді қолдана отырып, өнердің әртүрлі салаларында жұмыс істейтін суретшілердің кәсібилігін айқын көрсетеді.

Қарағанды Суретшілер одағының мерейтойына орай Теміртау музейі акция өткізеді, оның аясында теміртаулықтар мен қала қонақтары бір апта ішінде көрмені тегін көре алады!

2024 жылдың 17 қыркүйегінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Бір шабадан далбаса» спектаклінің кейіпкерлері Айлакер мен Мұрттының костюмдерінің эскизі». Балалар мен жасөспірімдерге арналған Теміртау театрының тарихы» экспозициясының ашылуы өтті.

1989 жылы 28 маусымда Қарағанды облыстық халық депутаттары Кеңесінің Атқарушы комитеті Теміртау қаласында Балалар мен жасөспірімдерге арналған театр ашу туралы шешім қабылдады. Теміртаулық жас көрермендер театры Теміртау қаласының театр мәдениетін сақтау мақсатында ашылып, толығымен Қарағанды облысының жас көрермендеріне бағытталды.

Теміртау музейінің қорында ерекше жәдігер бар - «Бір шабадан далбаса» спектаклінің кейіпкерлері Айлакер мен Мұрттының костюмдерінің эскизі сақталған. Спектакль кезінде кейіпкерлердің костюмдері қараңғыда жарқырап тұрды, сондықтан оны көрсету үшін эскиз авторы Скокова Людмила Петровна қара қағазды пайдаланды. Скокова Людмила - театрдың бас суретшісі, ашылу кезеңінен бастап 2019 жылға дейін балалар мен жасөспірімдер театрында жұмыс істеді. Ол «Мәдениет қайраткері» Құрмет белгісінің, Қарағанды облысы әкімінің «Үздік театр суретшісі» сыйлығының иегері.

Біздің экспозицияда ұсынылған спектакльге арналған эскиздерді музей қорына Балалар мен жасөспірімдер театрының бас режиссері Ю. Синин тапсырды.

2024 жылдың 20 қыркүйек Айбек Бегалинның жеке көрмесінің ашылуы өтті.

Айбек Бегалин – белгілі қарағандылық суретші, график, Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ҚР Өнер академиясының корреспондент-мүшесі, Қытайдың Шығыс Халықаралық көркемсурет институтының құрметті профессоры, Ресей көркемсурет академиясының дипломанты, «Құрмет» орденімен марапатталған.

Айбек Бегалинды көпшілік Қарағанды елтаңбасының авторы ретінде біледі.

Ол әртүрлі жанрларды - пейзажды, портретті және натюрмортты қолдана отырып, неомодерн, фантастикалық және классикалық реализм стилінде жұмыс істейді. Сондай – ақ, өз техникасында - теңдесі жоқ бегалиграфия техникасында. Бұл техникада кескіндеме идеясы кенепте сызба, нобай кезеңдерін айналып өтіп бірден пайда болады, сондықтан оның шығармашылығы қызығушылық тудыратыны сөзсіз.

Көрмеде 41 сурет ұсынылды. Бұл кескіндеме және графика. Олар 90-шы жылдардан бастап жазылған, 2024 жылы жазылған жаңа кезеңге жататын туындылар да бар. Бұл туындыларда суретші әлемді бейнелейді, бір жерде фантастикалық, бір жерде нақты. Көрме Айбек Бегалинның шығармашылық әлеміне шақырады.

2024 жылғы 28 қыркүйекте Теміртау қаласы күніне орай және «Жауыртау: ата-бабалар жолымен» жобасы аясында Теміртау музейі «Тарихи сәйкессіздік» көшпелі көрмесін ашты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағаттарындағы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Теміртау музейі қаланың қызықты тарихи суреттерін анықтады, олардың бір бөлігін экспозициядан көруге болады.

Графикалық редакторлардың көмегімен фотосуреттерге дәуірге сәйкес келмейтін элементтер қосылды. Көрмеге келушілердің міндеті - суреттерді қарап, «артық» заттарды анықтау.

Тарихи фотосуреттермен осындай зерттеу жұмысын жүргізу, келушілерге ескі суреттерді егжей-тегжейлі зерделеп, кадрларда бейнеленген сәттен бастап бүгінгі күнге дейінгі болған өзгерістерді айқындауға мүмкіндік береді.

«Тарихи сәйкессіздік» көрмесі Теміртау қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер театрының фойесінде ұйымдастырылды, бұл келушілер санын арттыруға және музейдің мақсатты аудиториясын кеңейтуге мүмкіндік берді.

2024 жылғы 1 қазанда Теміртау қаласы күніне орай және «Жауыртау: ата-бабалар жолымен» жобасы аясында Теміртау тарихи-өлкетану музейі «Жауыртау: ата-бабалар жолымен» көшпелі экспозициясын ашты.

Экспозицияның негізгі идеясы: тарихи фотосуреттер арқылы және хронологиялық тәртіпте ұсынылған атаулы даталар арқылы Теміртаудың 1865 жылдан 2024 жылға дейінгі тарихы туралы баяндау.

Көрме музей қорынан, Қазақстан Республикасы мұрағаттарынан ақпараттық блоктармен және аталған тақырыптағы жәдігерлермен толықтырылған фотосуреттердің мобильді жинағы.

«Жауыртау: ата-бабалар жолымен» экспозициясымен Қарағанды облысының әкімі Е.Қ. Бөлекпаев, Теміртау қаласының әкімі Ғ. Ә. Әшімов, Теміртау қалалық мәслихатының депутаттары, Теміртау қаласының ардагерлер және жастар қозғалысының белсенділері танысты.

2024 жылғы 11 қазанда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Фотосуретсіз төлқұжат» экспозициясы ашылды.

КСРО-да бірыңғай төлқұжат жүйесі 1932 жылы енгізілді, оған дейін еңбек кітапшалары төлқұжат қызметін атқарды. Сол кезде КСРО құрамына кіретін, 16 жасқа толған Қазақ АССР-нің барлық азаматтарының төлқұжаты болуға міндетті еді. Қызыл Армия кітапшалары, әскери билеттері бар әскери қызметшілер және есепке алу елді мекендер тізімдері бойынша жүргізілген колхоз тұрғындары төлқұжат алған жоқ. Колхоз тұрғындары үшін төлқұжат қызметін ауыл тұрғыны қандай себеппен және қандай мерзімге кететіні көрсетілген анықтамалар орындады.

Кеңес азаматтарының төлқұжаттарында фотосуреттер тек 1937 жылы пайда болды, осы уақытқа дейін ешқандай фотосуреттер болған жоқ. Азаматты сәйкестендіруді жақсарту үшін төлқұжаттарға фотосуреттер енгізілді. Осы сәттен бастап барлық КСРО азаматтары төлқұжат алу үшін НКВД-ға екі фотосурет ұсынуы керек болды. Олардың бірі - төлқұжатқа жабыстыру үшін, екіншісі - милицияда қалды.

1935 жылғы фотосуретсіз төлқұжат үлгілерінің бірі Теміртау музейінің қорында сақталады және «Ай жәдігері» жобасында ұсынылған. Төлқұжаттың мұқабасы сұр мата. Жоғарғы жағында КСРО-ның қара елтаңбасы орналасқан, ал «Паспорт» жазуы 6 рет қайталанады: кириллица, грузин және армян жазбалары, латын, араб жазбасы. Төлқұжатта келесі бағандар көрсетілген: аты, әкесінің аты, тегі, уақыты және туған жері, ұлты, әлеуметтік жағдайы, тұрғылықты мекен-жайы, әскери қызметке қатысы, төлқұжат иесінің қолы өз қолымен жазылады, төлқұжатты кім берген және төлқұжаттың берілу негіздемесі. Бұл баған арқылы адамның қамауда болғанын анықтауға болады, өйткені төлқұжаттар қамау орнында берілді. Фотосуреттің орнына иесі сөзбен сипатталуы керек. 1900 жылы туған Мария Ивановнаға тиесілі төлқұжаттың тоғызыншы бетінде иесінің белгілері көрсетілген: православие, жіңішке, ашық аққұба, сұр, орташа, белгілерсіз.

2024 жылғы 25-26 қазанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Республика күніне орай Жан Ақжановтың "Қазақстанды сүй" атты республикалық көрмесінің ашылуы өтті.

Жан Ақжанов – белгілі қазақстандық жазушы, қоғам қайраткері. Ұсынылып отырған 50 туындыдан тұратын жинақ Қазақстанды ерекше қырынан көрсетеді. Фотосуреттер арқылы автор көрерменді еліміздің түрлі өңірлеріндегі қазақстандықтардың мәдениетімен, дәстүрлерімен, өмір ерекшеліктерімен таныстырады.

Екі күн ішінде көрмені 60-тан астам адам тамашалады.

2024 жылдың 1 қарашасында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Суретші не айтқысы келді» қалалық суретшілер клубының есеп беру көрмесінің ашылуы өтті.

«Т-Арт» суретшілер клубы 2006 жылы Теміртау тарихи-өлкетану музейінің көрме залы негізінде құрылды. Ол кәсіби суретшілерді де, әуесқойларды да біріктірді. Жылына бір рет шығармашылық көрмелер өткізу дәстүрге айналды, онда қатысушылар осы уақытқа дейін көрмеге қойылмаған жаңа туындыларын ұсынады.

Бұл көрме 12 суретшіні біріктірді. Ол көрермендерге 2023-2024 жылдар аралығында авторлар жасаған туындыларды алғаш рет көрсетті.

Ұсынылған туындылар жанрлардың алуан түрлілігімен және орындау техникасымен ерекшеленеді. Классикалық, дәстүрлі шығармалардан бастап қазіргі абстракциялық шығармаларға дейін. Олардың ішінде графикалық туындылар сериясы, пейзаждық картиналар, пастелді портреттер, жасанды былғарыда жасалған тату, сондай-ақ папье -машеден жасалған көлемді жұмыстар бар.

2024 жылғы 21 қарашада Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Иілгіш пластинкалар» экспозициясының ашылуы өтті.

Теміртау музейінің қорында, ұмытылған аудио форматтың сирек кездесетін үлгісі болып табылатын жәдігер сақталады. Бұл ойнатқышқа арналған иілгіш пластинка, оның КСРО мен Батыста пайда болу тарихы айтарлықтай өзгеше болды. Кеңес Одағында бәрі "сүйектегі музыка" деп аталатын нәрседен басталды - қолданылған рентгендік пленкалар қолдан жасалған аудиожазбалар. Бұл пленкалар аудиожазбаларға негіз болды және өте қол жетімді болды. Дыбыс сапасы мен беріктігі жағынан дәстүрлі винилден төмен болғанымен, 50-ші жылдары магнитофондардың жаппай қолданыста болмаған кезінде, қолдан жасалған аудиожазбалар сол кездегі хиттермен танысудың жалғыз мүмкіндігі болды.

Батыс елдеріндегі иілгіш пластинкалар алғаш рет КСРО-да "сүйектердегі музыка" пайда болған кезде басталды. Бірақ рентгендік жазбалардан айырмашылығы, бұл зауытта жасалған өнім болды. Батыста флекси дискілерінің серпілісі 1962 жылы Evatone иілгіш пластинкалар басуға арналған жаңа жабдықты ұсынған кезде және оларды "Evatone Soundsheet" (Evatone дыбыстық парағы) брендімен патенттеген кезде басталды.

"Ай жәдігері" жобасының экспозициясында ұсынылған музыкалық пластинка, бір жағынан қағаз, екінші жағынан пленкамен жабылған. Ортасында дөңгелек тесік бар. Пластинкада кеңестік және украиндық эстрада әншісі София Ротарудың және басқа эстрада жұлдыздарының ақ-қара фотосуреттері бейнеленген. Дыбыс жолдары пленка бетінде айналдыра басылған.

КСРО-да иілгіш дискілер 1990 жылдарға дейін жаппай қолданыста болды. Музыка әуесқойларының бірнеше ұрпағы сүйіп тыңдаған пластинкалар бүгінде естелік, музей жәдігері.

2024 жылғы 4 желтоқсанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Степан Бабийдің 80 жылдық мерейтойына арналған «Өмір шығармашылықта» атты жеке көрмесі ашылды.

Степан Иванович - қаламыздың бұрыннан келе жатқан суретшілерінің бірі. 60 жылдан астам уақыт шығармашылықта. 1994 жылдан бастап ол белсенді көрме қызметін жүргізеді. Суретшінің қоржынында алты жеке көрмесі бар.

Суретші - кескіндемеші және қолданбалы өнердегі суретші ретіндегі шығармашылығы алуан түрлі. Ол классикалық пейзаждар, портреттер, натюрморттар салады, сонымен қатар сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасайды - мозаика, монеталар және ағаштан оюлап жасалған бұйымдар, кашполар.

Ұсынылып отырған көрме - оның бес жылдық қызметінің нәтижесі. Бірнеше тақырыптық бағыттарға бөлуге болатын 83 туынды - Отан, сүйікті қала, саяхат, лирикалық пейзаж, гүлді натюрморт және ағаш қиялдары. Әр түрлі жанрдағы және әр түрлі тақырыптағы шығармашылық қызметінің нәтижесі, суретші үшін шығармашылық – бұл өмір.

2024 жылғы 19 желтоқсанында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде «Ай жәдігері» жобасы аясында онлайн режимде «Қазақ әйелдерінің әшекейі «Құстұмсық» экспозициясының ашылуы өтті.

Зергерлік бұйымдар қазақ әйелінің өмірінде маңызды рөл атқарды және қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Теміртау тарихи-өлкетану музейінің қорында қазақтың дәстүрлі әшекейлерінің жинағы сақталған, оның ішінде құстұмсық сақинасы ерекше орын алады.

«Ай жәдігері» жобасының экспозициясында құс тұмсық пішіндегі әшекейлер ұсынылды. Бұл ақықтас салынған «Құстұмсық» сақинасы, темірден жасалған сылдырмақ сақинасы, шеңбер түріндегі таңбамен және жұқа күміс сыммен жиектелген, мыс сымнан жасалған қызыл тасты сақина.

«Құстұмсық» сақинасы 1990 жылы музей қорына келіп түскен. Көрмеге қойылған жәдігерлер - қолдан жасалған зергерлік бұйымдар.

2024 жылғы 26 желтоқсанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі Теміртау мәдениет сарайында қазақстандық болаттың 80 жылдығына арналған «Олар алғашқылар» атты көшпелі экспозициясын ашты.

Қазақстанның қара металлургиясының тұңғышы, Қазақ металлургия зауытының іске қосылуы мен дамуы туралы тарихи құжаттар мен фотосуреттер зауыт цехының конструкциясын бейнелейтін витрина-бағандарға орналастырылды.

Мартеннің атмосферасын кәсіпорын шеберханалары, еңбек ұрандары бейнеленген үлкен фотосуреттер және мұнда арнайы орналастырылған проекторлардың бағытталған жарығы толықтырады.

Әр бөлімде жәдігерлердің көмегімен металлургтердің жұмыс күндері мен демалыс сәттерін бейнелейтін инсталляция жасалды.

Экспозицияда Қазақстанның алғашқы болат қорытушылары мен прокатшылары: Е. Байғазиев, А. Дарибаев, А. Жүнісов, М. Муслимов және тағы басқа да тұлғалардың суреттері ұсынылды.

Көрмеге келушілер: алғашқы қазақстандық болат құймалары, зауытты ұйымдастыру туралы құжаттар, металлургтердің жеке заттары: қорғаныс көзілдірігі, жұмыс қолғаптары, арнайы бас киім және тағы басқа да бірегей жәдігерлерді көрді.

«QARMET» Акционерлік қоғамы Қарағанды металлургия комбинатының қызметкерлері мен ардагерлері экспозицияны жоғары бағалады.

2024 жылғы 27 желтоқсанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде «Жаңа жыл керісінше» көрмесі ашылды.

Көрме «Музейлік вайб» атты жаңажылдық интерактивті аймақтардың бір бөлігіне айналды. Ұсынылған көрме жазғы табиғат көрінісін бейнелейтін туындылардың жиынтығы. Бұл Теміртау тарихи-өлкетану музейінің көркемдік

қор коллекциясынан алынған 33 сурет. Олар XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап бері қарай жазылған.

Барлық туындылар музей қорына авторлардың сыйы ретінде келіп түсті. Көрмеде шығармашылығы көрсетілген суретшілердің көпшілігі бүгінде Теміртау қаласының тұрғыны және осы жерде жұмыс істейді – олар Қ. Асқаров, А. Болюх, С. Бабий, И. Донскова, Ю. Пильтихин, А. Литвинов, Е. Малецкая. Көрмеде өмірден өткен суретшілердің де туындылары бар, олардың шығармашылығы - қаланың көркем өнерінің дамуында өшпес із қалдырған керемет жандарды еске салады. Олардың ішінде В. Грицай, М. Подлесных, А. Осипенко, С. Торохов. Қарағандылық суретшілер С. Щеголихин, В. Троценконың да бірнеше жұмыстары ұсынылып отыр.

Барлық туындылар майлы бояумен жазылған, бұл ұсынылып отырған көрменің тағы бір ерекшелігі. Дегенмен, әр суретшінің кескіндеме жасаудағы өзіндік техникалық әдістері бар. Мұнда дәстүрлі көп қабатты техникада пастозды, рельефті түрде бояу түсіру және әр қабатты кептірмей, қысқа мерзімде кенеп жасауды көздейтін alla prima техникасында жасалған туындыларды көруге болады.

2024 жылдың қорытындысы:

Жасалған экспозициялар жоспарға сәйкес, үнемі жаңа материалдармен толықтырылып отырды, көркем шешуі мүмкіндігінше жаңартылды, жаңа тақырыптағы экспозициялар пайда болды.

4. Ғылыми - қор және есеп-сақтау жұмысы.

Есеп беру мерзімі ішінде музей қоры 200 жәдігерге толықтырылды. 2024 жылдың соңында жәдігерлердің жалпы саны – **25 120**, оның ішінде **негізгі қор – 18 470, ғылыми-қосымша – 6 650.**

Қорға келіп түскен құнды жәдігерлер:

1. Данг монетасы Алтын Орда Жәнібек ханның билігі.

Монета Жәнібек ханның билігі кезінде ғана шығарылды. Алтын Орда монеталары моңғол және түркі халықтары, соның ішінде Қазақстан мен Орта Азия халқы мекендеген кең аумақта заңды төлем құралы болды.

КП 18350/7
КДФ 7246/7




2. Бастауыш мектептің 3 және 4 сыныптарына арналған географиялық атлас, 1938 ж.

Географиялық атласта Кеңес Одағының аумақтық бөлінісі көрсетілген. Атлас Мәскеу мектептері мұғалімдерінің қатысуымен Орталық геодезия, Аэротүсірілім және Картография ғылыми-зерттеу институтында құрастырылды.

КП 18387

КДФ 7257



3. А. В. Федоровтың альпинистік тік мұз балтасы

Мұз балтаның иесі альпинист, альпинизмнен спорт шеберіне кандидат, 1-ші санаттағы нұсқаушы Андрей Викторович Федоров (1951 - 2023). Қарағанды облысының альпинистері туралы «Қыпшақтан Эверестке дейін» кітабының авторы, Ленин шыңын, Хан Тәңірі шыңын, Коммунизм шыңын, Корженевская шыңын бағындырған.

КП 18350/1

КООФ 3198/1



Қорларды ғылыми жинақтау мыналардың есебінен жүзеге асырылады:

- қала тұрғындары мен қонақтарынан музей заттарын, кітаптарды, фотоқұжаттық материалдарды қабылдау;
- музейдің ғылыми қызметкерлерінің қалалық және облыстық мұрағаттарындағы жұмыстары;
- тарихи және өмірбаяндық сипаттағы материалдарды жинау,
- Теміртау қаласының қалыптасу кезеңдерін бейнелейтін;
- жеке заттар мен коллекцияларды сатып алу.

Көрмелерде және басқа да жұмыстарда қолданылатын негізгі және ғылыми қосымша қор экспонаттарының саны – **12 160**. Музей жұмысын насихаттау мақсатында экспонаттарды жинақтау және жинақтарды іріктеу үшін Теміртау музейінің жинақтарының тізімі құрылды.

Негізгі қор цифрлі жүйеге енгізілді. 2024жылдың соңына қарай электронды тасымалдағышқа **1561** экспонат енгізілді. Жаңартуды талап ететін – **70** жәдігер, жаңартылғаны - **70**. Жыл бойы жаңартылған жәдігерлер көркем өнер, құжат және фото қорларына жатады.

Ай сайын қор қоймасын тазалау шаралары өткізіледі. Жәдігерлерді құрғату және желдету бас қор сақтаушының белгілеген кестесіне сай орындалады.

Қор қоймасы бірінші қабатта орналасқан. Бөлме екі есікпен жабдықтандырылған: темір және металл шыбықтан, терезесі металлмен жабылған және тор орнатылған. Жол картасы бағдарламасы бойынша жөндеу жұмыстары кезінде терезелер бекітілді. Көлемді экспонаттар металл стеллаждарда сақталады, нумизматика қоры – орғышындан жасалған

кассеталарда немесе бөлінетіні бар қағаз конвертте, киімдер ілгіште ілулі бетінде. Қымбат металдан жасалған заттар металл сейфтерде сақталады.

Жыл сайын музей қорын толықтыру шешілмеген мәселелерге тап болады. Музей қорларына заттарды ақысыз алу мүмкіндігі азаяды (өлім, эмиграция, экономикалық жағдай). Жәдігерлерді сатып алу үшін мақсатты қаржыландыру жоқ, жеке тұлғалардан жәдігерлерді сатып алу мүмкіндігі үшін құқықтық база жоқ.

Қор қоймасы жай-күйінің деңгейін жақсарту үшін стационарлық күзет сигнализациясын орнату, температуралық режимі және ылғалдылық реттегіші бар желдеткішті қалпына келтіру қажет. Қор жәдігерлерінің жай-күйі қанағаттанарлық. Қор қоймасындағы жабдық нормаларға сәйкес келмейді. Қосымша металл шкафтарды орнатуға және жәдігерлерді сатып алуға мақсатты қаржыландыру қажет.

5. Жаппай ғылыми-ағартушылық жұмыс.

Есеп беру кезеңі аралығында музейде **40 ашық іс – шара** өткізілді. Олардың жартысы ірі қалалық көрме болса, жартысы мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналды.

2024 жылғы 17 қаңтарда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған (ақыл-ой дамуы артта қалған) «Қысқы ойын-сауық» интерактивті-білім беру жобасы жұмысын бастады.

Музей залдарында 6 аймақ орналасқан. Нұсқаулықтың көмегімен ойынға қатысушылар аймақтардан өтіп шықты.

- «Көркем мозаика» аймағында «қармақ» құрылғысының көмегімен экскурсанттар пазлдың бөліктерін жақтауға жылжытып, әйгілі суретшілердің суреттерін жинады: З.Серебряков пен Ф. Решетников.
- «Қысқы аң аулау» аймағында ойыншылар жұмбақтарды шешіп, магниттің көмегімен жануарларды ұстады, ал тұлыптар жауабын табуға көмектесті: қасқыр, түлкі, қоян, борсық, суыр және т. б.
- «Музей «қолтырауыны» аймағында қатысушылардың бірі қара жәшікке жақындап, қимыл мен мимиканың көмегімен жәдігерді көрсетті, ал қалған ойыншылар оларды болжады.
- «Қысқы твистер» аймағында команда ойыншылары жәдігерлердің атауына сәйкес қолдары мен аяқтарын белгілі бір түстерге ауыстырды: самаурын, киіз етік, тымақ, коньки.
- «Жұмбақ жәдігер» аймағында экскурсанттар тесіктері бар қораптағы жәдігерлерді қолдарымен ұстап көру арқылы анықтады.
- «Шопанның» элементтерін толықтыр» аймағында ойыншылар «жұлдызқұрт» құрылғысының ішіне кіріп, залдан өтіп бара жатып, тиісті жәдігерлерді тауып, жетіспейтін элементтерді толықтырды.

Ойынға ҚОББ «8-ші Арнайы мектеп-интернаты» КММ тәрбиеленушілері қатысты.

2024 жылғы 22 қаңтарда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Подлесных Михаил Степановичтің туғанына 100 жыл толуына орай «Суретші,

мұғалім, патриот» дөңгелек үстел форматында шығармашылық кездесу өтті. Оны Теміртау қаласының шежіреші суретшісі деп атауға болады. Ол индустриалды тақырыпта Қарағанды металлургия комбинатына арналған көптеген туындылар жазды. Оның кескіндемелерінің айрықша ерекшелігі - деректілік, өйткені суретші табиғаттан жазуды ұнататын, пленэрлерге баратын. Бұл өзі жасаған туындылардың сюжетінің сенімділігіне ықпал етті.

Дөңгелек үстел аясында қонақтарға экспозиция ұсынылды, оның негізінде музей қорындағы Михаил Подлесныхтың суреттері болды. Сондай-ақ, Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі басып шығарған суретшінің шығармашылығы туралы альбом-кітап.

Кездесуге суретшінің туған - туыстары, шәкірттері – Асқаров Қ., Пильтихин Ю., Болюх А., Богза Е., Друзин А., шығармашылық зиялы қауым өкілдері - оның шығармашылығымен таныс адамдар шақырылды. Олар Михаил Степановичтің өмірі мен шығармашылығымен байланысты естеліктерімен бөлісті.

2024 жылдың 31 қаңтарында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Самарқанд кентінің 115 жылдығына орай «Тарихтың дәйексөздері» атты дөңгелек үстел форматында қала мектептері оқушыларының кездесуі өтті.

Самарқанд кентінің қалыптасуы мен дамуына арналған қала тарихының бөлімі экспозициялық фон болды.

Архив құжаттарына, музей қорының тарихи материалдарына сүйене отырып – бұйрықтардың үзінділері, XX ғасырдың 30-40-жылдарында жер аударылғандардың хаттарынан үзінділер және т. б., дөңгелек үстелге қатысушылар өз ойларымен бөлісті және Самарқанд кентінің тұрғындарының көпұлтты болу себебін, қоныстану кезеңдерін және тағдырдың тәлкегімен Қазақстан жеріне келген адамдар санының ауқымдылығын талқылады.

Дөңгелек үстелге Теміртау қаласының №9 мектеп-лицейі мен №10 ЖББМ оқушылары қатысты.

2024 жылғы 13 ақпанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде оқушылардың интернационалист - жауынгерлермен «Ауған күнделігі» атты кездесуі өтті.

Ауған соғысының ардагерлері А.А. Исаков, К.Т. Дүйсембаев, А.К. Ахмедиев соғыс жылдарындағы ауыр кезеңдер, қазақстандық жауынгерлердің батылдығы, әскери анттың адалдығы туралы әңгімеледі.

Кездесу сенімді сұхбат түрінде өтті: № 27 мектеп оқушылары Ауғанстандағы соғыстың ерекшеліктері, әскери операциялар, Ауғанстандағы кеңес жауынгерлерінің міндеттері туралы сұрақтар қойды.

2024 жылғы 28 ақпанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде № 6 мектеп оқушыларымен «Семей полигоны: қайғы-қасіреті» тақырыбында BoF-сессия форматында іс-шара өтті.

Биылғы жылы «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының құрылғанына 35 жыл толады. Тарихи атаулы күннің аясында BOF - сессиясына қатысушылар қор фотосуреттері, жәдігерлер мен интерактивті бейнебаян арқылы антиядролық қозғалыстың алғышарттары және даму кезеңдерімен танысты. Әлемдегі ядролық

қарудың құрылу тарихын зерттеп, радиацияның экология мен адамға тигізетін зияны мен әсерін талқылады.

BoF сессиясының екінші бөлімінде топтық жұмыс жүргізілді. Қатысушылар өз білімдерін кеңейте отырып, қазіргі мемлекеттерге ядролық қару қажет пе? – деген сұраққа жауап іздеді. Қазіргі әлемде антиядролық қозғалысты жүргізуде өз әдістерін ұсынды. Семей полигонын жабу туралы шешімді және ХХІ ғасырдағы антиядролық қозғалыстардың қажеттілігі туралы мәселені талқылады.

2023 жылғы 1 наурызда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Алғыс айту күніне орай, дөңгелек үстел форматында «Қонақжайлы мекен» атты іс-шара өтті.

Теміртауда 93 ұлт өкілдері тұрады. Олардың бірі мұнда ерікті қоныс аудару бағдарламасы бойынша келсе, енді біреулері «арнайы қоныс аударушы» мәртебесінде, кейбіреулері жер аударылды, Ұлы Отан соғысы жылдарында көшірілді, көбісі Қарағанды металлургиялық зауытының құрылысына келді. Дегенмен, олардың барлығы да аман қалып, өздігін жоғалтпай, осында екінші Отанын тапты, әрине мұның бәрі баспанасымен, соңғы нанымен бөліскен қазақ халқының кең жүректігінің арқасында. Бұл тарихи жағдайлардың қалай болғанын біз бастапқы дерек көздерінен біле аламыз. Фотосуреттер, естеліктер мен құжаттар біздің музей қорында сақталады.

Дөңгелек үстелдің форматы әрбір қатысушыға жер аудару, күштеп көшіру мәселесі бойынша құжаттар, осы оқиғалардың куәгерлерінің өз қолдарымен жазған естеліктері, ХХ ғасырдың 50-80 жылдарындағы халықтың өсуі туралы анықтамалар мен салыстырмалы құжаттар жинақталған папканы ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл әр түрлі кезеңде Қазақстанда көші-қон үдерісі қандай жағдайда өткенін тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді. Жұмыс материалының бір бөлігі мультимедиялық бейнебаянда ұсынылады.

Іс-шара «Теміртау қаласының тарихы» залының «30-40 жылдардағы Самарқанд кенті» бөлімінде өтеді. Мұнда қуғын-сүргінге ұшыраған халықтар, жер аудару мен ҰОС кезеңдері туралы көрнекі материалдар ұсынылған.

2024 жылдың 11 наурызында "Кішкентай дарындар Академиясы" жеке меншік балалар бақшасында "Қош келдің, Әз Наурыз!" атты қуыршақтар көрінісі өз жұмысын бастады.

Экскурсия жүргізушілердің көмегімен Қарашаш, Айбатыр және Лан есімді қуыршақтар Наурыз мейрамының пайда болуы мен тойлануы туралы қызықты әңгімелер айтып берді, сонымен қоса:

- дәстүрлі дастархан жайды;
- "Наурыз көже" дәстүрлі тағамын дайындады;
- "Белкөтерер", "Ұйқы ашар", "Селт еткізер", "Шашу", "Бата" салт-дәстүрлерімен таныстырды;
- "Наурыз жұмбақ" жарысы, "Айтыс" ән байқауы өткізілді;
- Ұлттық ойындар ойнады: "Асық", "Арқан тарту", "Қол күрестіру".

Әңгіме ежелгі артефактілер мен музей жәдігерлерін көрсетумен қатар жүрді, балалар оларды қолдарымен ұстап көрді. Экскурсия жүргізушілер ұлттық киімдер киіп, естелік фотосуретке түсті. Бағдарламамен Теміртау қаласының барлық мектепке дейінгі мекемелері қамтылды.

2024 жылғы 16 наурызда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Наурыз мейрамының «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні» аясында «Жанасымды этнография» атты терапиялық іс-шара өтті.

Бұл іс-шараға Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхананың оқырмандары қатысты. Музейдің әрбір залында жәдігерлерді қолға ұстап көріп, сезініп танысуға және қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті, қала тарихы, нумизматика, көркемдік бағыттағы заттар мен археологиялық артефактілер туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін локациялық аймақтар ресімделді. Қонақтар, сонымен қатар «Жанасымды сәулет» деп аталатын жаңа экспозиция бөлімімен танысты.

2024 жылғы 19 наурызда Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Музейлік - білім беру жобасы мен Наурыз мерекесіне орайластырылған іс-шаралар аясында «Ұлттық этикеттің алтын ережелері» атты сараптамалық сессия өтті.

Қатысушылар сарапшылар рөлін атқарды. Оларға мінез - құлық нұсқалары театрландырылған түрде көрсетілді-сәлемдесу, қоштасу процесі қалай жүреді, қалай отыруға болады немесе болмайды, шайды қалай дұрыс беру керек, қамшымен, белбеумен, пышақпен, қазанмен және басқа да материалдық мәдениеттермен қандай әрекеттер жасауға болмайды. Сарапшылар ұсынылған әрбір нұсқаны талқылап, мәдениет пен мінез-құлық ережелеріне қатысты дұрыс жауап берді.

2024 жылғы 3 сәуірде Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай, Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау» кафедрасының аға оқытушысы Қабашева Сәуле Дүйсенқызымен қала оқушыларының кездесуі өтті.

Оқушыларға сирек кездесетін «геолог» мамандығы, пайдалы қазбалар кен орындарын барлаудың өзектілігі, барлаудың қалай жүргізілетіні, Қарағанды өңірінің геологиялық тарихы қалай дамығаны және қазақстандық ғалым Қ.И.Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібінің қалыптасуына, атап айтқанда Теміртау қаласына қосқан үлесі туралы білікті маманның өз аузынан естуге мүмкіндік берілді.

Кездесу барысында іс-шара қонақтарына Теміртау музейінің қорынан жәдігерлер ұсынылды: геологтардың құралдары мен жабдықтары, Қазақстанның жер қойнауынан табылған кендер мен минералдардың үлгілері.

2024 жылғы 9 сәуірде Т. Мұсабаевтың ғарышқа алғашқы ұшуының 30 жылдығына орай «Ғарышты бағындырған» атты интеллектуалды - танымдық квиз өтті.

Іс-шара үшін екі бөлімнен тұратын экспозиция дайындалды: біріншісінде ғарышкерліктің тарихы мен қазақстандық ұшқыштардың ғарышты игеруі баяндалды, екінші бөлім Талғат Мұсабаевқа және оның ғарышты бағындырушы ретіндегі өмір жолы туралы. Мұнда фотоматериалдар мен жәдігерлер, оның ішінде ғарыш нысандарының макеттері, сынақшы-ұшқыштың гермошлемі,

Т.Әубәкіровтың ұшуы туралы фотоматериалдар мен сыйға тартуы туралы қолжазбасы бар альбом.

Интеллектуалды-танымдық квиз үшін қарастырылып отырған тақырып бойынша бейнеүзінділер мен сұрақтарды қамтитын мультимедиялық бейнеұсынылым, оның ішінде Т.Мұсабаевтың ғарышқа ұшуымен байланысты заттар көрсетілді.

2024 жылдың 25 сәуірінде Теміртау тарихи-өлкетану музейі Ұлы Отан соғысына қатысушы, Жеңіс туын көтеруші, Қазақстанның Халық Қаһарманының 100 жылдығына орай «Ұлы даланың Ұлы есімдері» атты көшпелі білім беру бағдарламалары циклынан тұратын арнайы жобаны іске асырды: «Жеңіс Туы».

Жоба № 10 ЖББМ базасында басталды. Бағдарлама қор жәдігерлерінен, архивтік құжаттар мен бейнематериалдардан құралған Рахымжан Қошқарбаевтың өмірін баяндайтын шағын экспозиция аясында өткізілді.

Бағдарлама бөлімдерінің бірі – «қара жәшікте не бар» форматындағы тарихи зерттеулер, онда музей жәдігерлері: I және II дәрежелі Отан соғысы ордені, коньки, мандолина, балға, 1410 деген жазу, соғыс жылдарындағы касска және т.б. қазақ батырының тағдырын, батылдығын, қаһармандығы мен ерлігін баяндады.

2024 жылғы 29 сәуірде Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Бір шаңырақ астында» атты мәдени дәстүрлер жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жәрмеңкені өткізу үшін 4 аймақ – этноқалашық дайындалды. Олардың әрқайсысында артефактілер мен музей жәдігерлерінің көмегімен қазақ, неміс, корей және үнді халқының материалдық мәдениеті, тұрғын үйі мен тұрмысы бейнеленді.

Этно-ханок: мұнда сонсон-ним корей иероглифтарын жазуды үйретті, «пап» даярлаудың құпиясымен бөлісті, экскурсанттар таяқшалармен тамақ жеуді үйренді.

Этно-гао: шебер Гета сари тігудің құпияларымен таныстырды және алтын кесте қолданылатын чоли деген не, үнді әйелінің гардеробында қанша киім болуы керек және тағы да басқа қызықтармен бөлісті.

Этно-киіз үй: экскурсанттарды шебер қолөнерші қарсы алып, қазақ қонақжайлылығы туралы айтып, қамшы жасаудың құпияларын ашты. Жіп иіруді үйретті. Ол XX ғасырдың басында қой қырқуға арналған қайшыны көрсетті және олармен қалай жұмыс істеу керектігін, жүнді өңдеудің құпияларын және бастапқы жіпті қалай дайындау керектігімен бөлісті.

Этнофахверк: Гертруда шебер штрудель даярлауды үйретті. Сондай-ақ, цуккертюте, шультиюте құпияларын ашып, балалармен бірге тәтті кульки жасады.

Жәрмеңкеге №10 ЖББМ оқушылары қатысты.

2024 жылғы 3 мамырда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Отан қорғаушылар күніне орай "Айбын мен даңқ" атты kriegsspiel форматында білім беру бағдарламасы басталды.

Іс-шараны өткізу үшін 4 аймақ дайындалды. Олардың әрқайсысында ҚР ҚК құрылымдары мен бөлімшелері туралы баяндайтын артефактілер мен музей жәдігерлері, фотосуреттер мен мұрағат құжаттары ұсынылды.

Медициналық комиссия: “Әскерге шақырылушылар” медициналық комиссиядан өтіп, әскери қызметшінің есепке алу карточкасына бойынның, салмағының және дене температурасының параметрлерін енгізді.

Оқу полигоны: жас сарбаздар Қазақстан Республикасы әскерлерінің негізгі түрлерін зерттеп қана қоймай, далалық дайындықтан өтті, онда олар жылдамдықпен әскери киім киді. Қара қорапта орналасқан басқа заттардың арасынан әскери фляжканы тактильді түрде анықтады.

Байланыс батальоны: экскурсанттар Морзе әліппесін пайдаланып құпия әскери құжаттарды оқи алды.

Ас блогы: ойынға қатысушылар әскери қызметшілердің № 17 жеке тамақтану рационымен танысады. Бағдарламаға алғашқылардың бірі болып №10 ЖББМ 8 сынып оқушылары қатысты.

2024 жылғы 17 мамырда Теміртау тарихи-өлкетану музейінің алдындағы алаңда Халықаралық музейлер күніне орайластырылған «Жәдігер салтанаты» атты музей мерекесі өтті.

11 жыл ішінде музей Жәдігер салтанаты деп аталатын авторлық жобаны іске асырып келеді. Жыл сайын біз қор заттарынан тақырыптық топтаманы таңдаймыз. Бұл жолы біз қонақтарымызды белгілі бір кәсіптермен байланысты музей топтамасымен таныстырдық. Осыған орай, мереке «**Кәсіби алаң**» деп аталды.

Музей алдындағы алаңның ортасында жеті топтама, жеті көрме аймағы орналасты. Заттар арқылы біз металлург, құрылысшы, дәрігер, әскери қызметші, аспаз, тігінші, қорықшы мамандықтарын ұсындық. Көрмеде бірегей жәдігерлер көрсетілді - 1960 жылғы шойынның алғашқы құймасы, XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы құрылысшының қол арбасы, медициналық хирургиялық құралдар жинағы, кәсіби киімдер.

Мереке қонақтары экспозицияны көріп қана қоймай, 6 шығармашылық тақырыптық аймақтарды аралады. Мұнда олар барлық кәсіби құпияларды біліп, кәсіби дағдыларды игеріп, аспазшы, автослесарь, экскурсия жүргізуші, фотосуретші, ағаш ұстасы, жаттықтырушы ретінде өздерін сынап көрді.

2024 жылғы 22 мамырда Жошы Ұлысының 800 жылдығына орай тарихи жазба форматында «Деректерді жаңғырту» атты музейлік іс-шара өтеді.

Жошы - 1822 және 1824 жылдардағы Жарғыларға сәйкес XIX ғасырдың бірінші ширегіне дейін, хан билігі ресми түрде жойылғанға дейін билікті қолдан бермеген Жошы әулетінің негізін қалаушы. Жошы Алтын Орда мемлекеттілігінің негізін қалап, бүкіл Орталық Азия кеңістігінің даму бағытын анықтады. Жошы хан қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының берік негізін қалады.

Іс –шараның өткізілу барысында XIII-XV ғасырлар кезеңіндегі тарихи деректердің хронологиясы талданды. Әрбір қатысушы өзінің тарихи жазбасын дайындады, онда тарихтың барысына әсер еткен негізгі атаулар мен оқиғалар жазылды.

2024 жылғы 31 мамырда Жаппай саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Сөзсіз. Үнсіздік» атты конференция

ұйымдастырылды. Конференцияда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде анықталған бірегей құжаттар ұсынылды.

Конференцияға қала басшылары, тарихшылар, қуғын-сүргінге ұшырағандардың туыстары қатысты.

Теміртау музейі анықтаған мұрағат құжаттары «Теміртау қаласының тарихы» залының негізгі экспозициясын толықтырған инсталляцияға орналастырылды.

Инсталляцияның бір бөлігі - барак сәкілері. НКВД жылу вагондары мен концлагерьлерінің қайғылы атрибуты. Сәкілерде биркалары бар қаптар орналасқан. Биркаларда – сандар жазылған. Бұл Қазақстанға ұлттық сипатына қарай жер аударылғандардың шамамен саны: немістер, поляктар, корейлер, кавказдықтар... Оларды нақты ешкім санаған емес, қаптар сияқты жылыжай вагондарға лақтырып, туған жерлерінен кудалады.

Инсталляцияның ортасында лагерь қоршауынан жұлынып алынған бағана орнатылған. Республиканың барлық аумағында НКВД лагерлері орналасты. Қазақстан мыңдаған адам қаза тапқан орасан зор түрмеге айналды.

Түрме бағанасының сынығында – тоталитаризм дәуіріндегі теміртаулықтардың тағдырына қатысты ҰҚК мұрағаттарынан жария етілген құжаттар: НКВД Үштігінің үкімдері, үкімдердің орындалуы туралы актілер, ҚР Ішкі істер Министрлігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мұрағатынан алынған тұтқындардың фотосуреттері.

Сонымен қатар, мұнда бірегей жәдігерлер ұсынылды: Карлаг тұтқындарының жеке заттары және Теміртау қаласында (1945 жылға дейін-Самарқанд кенті) тұтқыннан кейін қоныста болған адамдардың жеке заттары: күнделіктер, өз қолымен жазылған естеліктер, музыкалық аспаптар мен әдеби кітаптар. «Халық жауларының» фамилиялары жазылған фотоальбом, «Отан сатқындарын» анықтау нұсқаулары бар кітаптар, НКВД қызметкерінің атрибуттары мен куәлігі ұсынылды.

Музей жинаған естеліктердің бір бөлігі конференция қатысушыларына ұсынылатын «Теміртау қаласы тұрғындарының сталиндік қуғын-сүргін дәуірі туралы естеліктер жинағында» жарияланды.

2024 жылғы 1 маусымда Бала құқықтары туралы Конвенцияның 35 жылдығы және оны ратификациялаудың 30 жылдығы аясында «Балалық шақ құқығы» атты музейлік иммерсиялық алаң ұйымдастырылды.

Күні бойы 1 жастан 18 жасқа дейінгі келушілер үшін иммерсиялық аймақтардың жұмысына қатысу ұсынылды.

Бірінші аймақта «Асық» ұлттық ойынын ойнау ұсынылды.

Екінші аймақта арқан тартысып, күштерін сынады.

Үшінші аймақта «Шығыршық лақтыру» ойыны дәлдікті дамытуға бағытталды.

Төртінші иммерсиялық аймақта қатысушылар интуиция мен зейіндерін сынап көрді. «Кімнің қолында» ойынын ойнау ұсынылды.

2024 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Шындық пен қиял» атты зияттық квиз өткізілді.

Музей қызметкерлері деректі хроникаға, XX ғасырдың 90-жылдарындағы фотосуреттерге сүйене отырып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің: Тудың, Елтаңбаның және Ғұранның құрылу тарихындағы шындық пен қиялды анықтай алды.

Квиз қонақтары Теміртау қаласындағы «Шаңырақ» еріктілер орталығының мүшелері болды, олар Ту мен Елтаңбаны стандартқа сәйкес орналастыру ережелерін зерделеп, Қазақстан Республикасының Ғұранын орындады. Қазақстан Республикасының Конституциясы және 925 сынамалы күмістен жасалған «proof» сапалы монета орналасқан «қара жәшіктің» құпиясын ашты.

2024 жылдың 4 маусымында мектеп жанындағы лагерьлерге арналған «Дүние таным. Сезімнің 6 түрі».

3 аймақ дайындалды.

«Қазақстан халқының бірлігі» залының орталығында «Қазақстан халқының музыкалық мәдениетінің дәстүрлері» туралы баяндайтын шағын экспозиция орналастырылды, онда қобыз, домбыра, цимбалы, татар аккордеоны, балалайка, гусли, дойра және т. б. Экскурсанттар дыбысы бойынша қандай музыкалық аспап екенін таныды, сондай-ақ ноталық дыбыстарды білдіретін ноталарды сызықтардың нөміріне сәйкес орналастырды және өздерінің оркестрін құрды.

Келесі экспозициялық блокта жобаға қатысушылар қорапта жасырылған жәдігерлерді көзбен көрмей, қолмен ұстап таныды, құрылымы мен дәмі бойынша ақ заттың не екенін анықтады, жемістерді дәміне қарай анықтады.

Музейдің үлкен көрме залында ойынға қатысушылар ұлттық тағамдардың құрамын анықтап, өз бетінше бешбармақ, палау және чак-чак «пісірді».

Сондай-ақ, жәдігерлердің түсіне сәйкес қазанға кішкентай шарларды жылдамдыққа лақтырды.

2024 жылғы 11 маусымда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Әкелер күні қарсаңында «Отбасылық тимбилдинг» өткізілді. Тимбилдингке төрт команда қатысты: Әбдібаев Рүстем, Кучма Артем, Шарипов Станислав, Хажид Шарихад отбасылары.

Ақпараттық блокта экскурсия жүргізуші отбасылық құндылықтар туралы, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы мұрағаттық фотосуреттерге сүйене отырып, әкенің отбасындағы рөлі туралы айтып өтті.

Ойын 7 турдан құралды. Бірінші турда ойынға қатысушылар жұмбақтар шешіп, арнайы «квадрожазушы» көмегімен жауаптарын жазды. «Квадрожазушы» құрылғысын ұстай отырып, қатысушылар оны синхронды түрде жылжытып, қағазға жауаптарын жазды.

II турда қатысушылар - кірпіштен қабырға тұрғызды. Бүкіл құрылыс процесі жабық көзбен өтті. Әкелердің дауыстық командалары арқылы балалар құрылыс алаңына жетіп, қабырға тұрғызды.

III турда командалар жылдамдыққа қамшы өрді.

IV турда қатысушылар Ф.Решетниковтың «Тағы да екі» және Б. Кустодиевтің «Шай ішкен саудагер әйел», «Шатл» және «Бұран» зымыран тасығыштарының әйгілі туындыларынан пазл жинады. Пазлды ұшында ілмектері бар таяқшалардың көмегімен жинады.

V турда балалар әкелердің қолдауымен экскурсия жүргізушінің айтуымен жәдігерлердің - патефон, глобус, камера, магнитофон - атауына сәйкес қолдары мен аяқтарын белгілі бір түстерге ауыстырып отырды.

VI турда әкелер мен балалар бөренелерге шеге қақты.

VII турда балалар жәдігерлердің -телефон, сифон, арифмометр, диапроектор- түсіне сәйкес жылдамдыққа қазанға шарлар лақтырды. Тимбилдингке қатысушылар турлардағы тапсырмаларды уақыт бойынша өтті, нәтижелер қорытындыланды, 7 турдың қорытындысы бойынша Кучма Артем командасы ойынның жеңімпазы атанды. Ойынға қатысушылар дипломдармен марапатталды, ал Кучма Артемнің отбасы «Музей тимбилдингі» жеңімпазының медалінің иегері атанды.

2024 жылғы 13 маусымда Теміртау тарихи-өлкетану музейінің алдындағы алаңда өткен «Музей қалашығы» мерекесінің тақырыбы - экология және табиғатты қорғау, балалардың денсаулығы және бақытты балалық шақ!!!

Қалалық музей 19 жыл бойы «Музей қалашығы» авторлық жобасын жүзеге асырып келеді. Жыл сайын, бір күн ғана, жазғы демалыс кезінде музей қала қонақтарын қарсы алады.

Мақсатты аудитория - мектеп жанындағы лагерьлердің, балабақшалардың балалары, қала тұрғындары - 13 шығармашылық аймақты аралайтын ересектер мен балалар. Мұнда музей жәдігерлері мен тақырыптық тапсырмалар арқылы олар тарихи-мәдени ортаға тартылып, 13 шығармашылық аймақта:

- экологиялық соқпақпен жүріп өтті;
- Қазақстан аңдарының суретін салды;
- музейлік твистер ойнады;
- қоқысты іріктеуді үйренді;
- көптеген тілдерді білді;
- армандарын тіледі;
- музейлік медициналық тексерістен өтті
- қауіпсіз қозғалыстың қатысушысы болды;
- балалық шақтың кемпірқосағын жасады;
- музейлік қолтырауынның батыры атанды;
- табиғат бізге не беретінін білді;
- тропикалық джунглиге аттанды.

2024 жылғы 18 маусымда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде мектеп жанындағы лагерьлерге арналған «Уақыт кеңістігі» атты білім беру жобасы іске қосылды.

«Ұшу аппаратының» көмегімен жобаға қатысушылар уақыт кеңістігінде саяхатқа аттанды: олар тас дәуірінде, орта ғасырда және болашақта болып қайтты.

Уақыт сызығының көмегімен адамзаттың даму кезеңдерімен танысты.

Тас дәуірінде ойыншыларды үңгір адам қарсы алды. Балалар «қармақ» құрылғысының көмегімен мамонтты, бизонды, қылыш тісті жолбарысты, үңгір аюын және тағы басқа аңдарды аулады, сонымен қатар кезеңдерге сәйкес жәдігерлерді дұрыс орналастырды: мезозой дәуірі, тарихқа дейінгі кезең (алғашқы қауымдық қоғам), қазіргі дәуір.

Орта ғасырларда экскурсанттарды Тәуке хан қарсы алып, қазақ ұлттық ойындарымен танысуды ұсынды. Жобаға қатысушылар «бәйге» жарысына қатысып, асық ойнап, арқан тартысты.

Болашақ кезеңде Хоуп Саммерс жобаға қатысушыларды жарқыраған қақпада қарсы алып, болашақ музыкасына билеуді ұсынды. Сондай-ақ, қызықты ойындар ойнады: мұнда балалар жәдігерлердің түстеріне сәйкес түймелерді контейнерге орналастырды: телефон, магнитофон, сифон, сөмке, арифмометр. Болашақ ойындарының бірі: жәдігерлерді олардың атауларына сәйкес орналастыру (айнадағы бейнесі түрінде оқу).

Жобаның алғашқы қатысушылары № 9 мектеп-лицейінің оқушылары болды.

2024 жылғы 25 маусымда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі Самарқанд су қоймасының құрылуының 85 жылдығына арналған «Тарихқа саяхат» атты air-экскурсиясын ұйымдастырды.

Экскурсия «Торнадо» яхта клубының базасында жасанды су қоймасының жағасында өтті.

Экскурсияға қатысушылар Самарқанд су қоймасы (Жауыртау, Жұмақ түбегі, Жаңғыз төбе аралы, Жапон шығанағы және т.б.) орналасқан жердің тарихы мен топонимикасы, оның құрылыс кезеңдері, осы нысанның өнеркәсіптік және рекреациялық маңыздылығы және көлдің ашылмаған құпияларымен танысты.

Тарихи әңгімеде Теміртау өлкетану музейінің қорында сақталатын фотосуреттер мен құжаттар қолданылды.

2024 жылғы 28 маусымда № 5 «Сәуле» бөбекжай базасында «Домбыра дастан» атты қуыршақ қойылымы өтті.

Айбатыр мен Настя есімді қуыршақтар Зере әжеге қонаққа барып, домбыра туралы таңғажайып әңгімелер мен аңыздар естіді.

Қойылым барысында кішкентай көрермендердің назарына түрлі музыкалық аспаптар ұсынылды: домбыра, қобыз, үшбұрыш, сазсырнай, тай тұяқ, балалайка, мандолин, дойра, аккордеон, гусли және т. б.

Балабақша тәрбиеленушілері музыкалық аспаптарды қолдарымен ұстап көріп қана қоймай, өз оркестрін құрды. Балалар музыкалық аспаптарды дыбысы бойынша анықтап, тәтті сыйлықтар алды.

Қуыршақ қойылымына 98 бала қатысты.

2024 жылдың 5 шілдесінде Теміртау тарихи-өлкетану музейі Астана күніне орайластырылған «Сәлем Астана» балалар Арт-алаңын ашты.

Музейдің қасбет терезелерінде Президенттің «Ақ Орда» резиденциясынан бастап мәдени, спорттық және ойын-сауық мекемелеріне дейінгі елорданың заманауи сәулеті ұсынылған көше фотокөрмесі ұйымдастырылды.

Музей алдындағы алаңда күні бойы Арт-алаң жұмыс істеді, оған қалаған адам қатыса алды. Олар Астана туралы өз көзқарастарын сурет арқылы білдірді. Сурет салу үшін барлық материалдар беріліп, барлық мүмкіндіктер жасалды.

Ең үздік суреттер музейдің қасбет терезесінде орналасқан көрмеге ілінді!

2024 жылдың 29 тамызы күні Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Конституция күніне орай «Ата-Заң – Тәуелсіз ел тұғыры» атты интеллектуалдық ойыны өтті.

Бірнеше бөлімнен тұратын интеллектуалдық ойын «Шаңырақ» клубының қатысуымен өтті.

I кезең XV - XVIII ғасырлардағы "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханының ескі жолы" және Тәуке ханның "Жеті жарғысы", "Алаш" партиясының саяси бағдарламасы, Қазақ АҚСР-нің алғашқы Қазақстандық Конституциясы ережелерінен бастап, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан Қазақстандағы конституционализм идеясы туралы баяндайтын, сонымен қатар, Тәуелсіз Қазақстан Конституциясы және оның мазмұны, сондай-ақ 2022 жылдың соңғы өзгерістері белгіленген тұсаукесер және бейнебаянмен сүйемелденді.

II кезең – төрт бөлімнен тұратын интеллектуалдық ойынымен жалғасын тапты. Қатысушылар екі командаға бөлінді.

- 1.«Ұяшықтар таңдау» - әр команда слайдта көрсетілген ұяшықтарды таңдап, жасырынған сұрақтарға жауап берді. Әр дұрыс жауапқа 10 балдан жинады. Егер команда дұрыс жауап бере алмаса, келесі команда жауап берді.
- 2.«Жағдаяттар шешу» - Командағы ертегілерден үзінді көрсетілді. Әр команда берілген ертегінің атауын тауып, ондағы заңға қайшы келген оқиғаларды талдады.
- 3.«Дұрыс орналастыр» - командаларға әр түрлі суреттер бар карточкалар таратылды, Конституцияның тарауларына сәйкес карточкаларды ретімен дұрыс орналастырды.
- 4.«Миға шабуыл» - әр командадан 1 қатысушы шығып, ұялы телефондарында «Куизиз» ойын платформасындағы викторинаға жылдам жауап берді. Балды автоматты түрде ойын платформасы шығарды.

Командалардың балдарын санап, соңғы ойын платформасының балын қостық. Көп бал жинаған команда жеңіске жетті.

2024 жылдың 5 қыркүйегінде Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Қазақстан Республикасының Тілдер күніне арналған «ЛингваFest» музей фестивалі басталды.

«ЛингваFest» - бұл бір тақырыппен біріктірілген аймақтар жүйесі.

«Тіл тарихы» аймағы Қазақ жазуының араб тілінен қазақ тілінің қазіргі реформасына дейінгі тарихымен танысу, онда бірегей музей жәдігерлері ұсынылды: XIX ғ. араб тіліндегі Құран, арабша жазуы бар күміс Дирхем монетасы, М. Жаңабергеновтың 1938 жылғы қазақ тіліндегі латын әліпбиін пайдалана отырып толтырылған мандаты мен куәлігі.

«Тілдердің алуан түрлігі» аймағы Музей жәдігерлерінің мысалында: шіркеу-славян тіліндегі Евангелие XIX ғасырдың соңы, медициналық әдебиет XX ғасырдың басы латын тілінде, қазіргі әлемде өлі тілдер қай жерде қолданылатынын анықтау. Музей жәдігерлері негізінде зағип және құлағы естімейтін жандардың тілімен танысу – Брайль алфавиті бар нұсқаулық және іс-қимыл тілімен танысу.

«100 тіл ғаламшары» аймағында экскурсанттар тілдік сынақтардан өтіп, интерактивті ойын сәттеріне қатысады: көсемге хат жазу, «қара жәшіктің» құпиясын ашу, «тілдік» мұнара салу, руникалық және араб әріптерін жазу,

саңырау және мылқау жандардың тілін үйрену. «Quiziz» платформасында тілдерді білуге арналған ойын. «Шанчек» аймағында Чуваш этно-мәдени орталығының өкілдерімен кездесу. Чуваш тіліндегі «Щумар щавать» әнін тыңдау.

2024 жылдың 6 қыркүйегінде Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Отбасы күніне орай «Жанұя» отбасылық тимбилдингті басталды.

Командалық ойын барысында отбасы мүшелерінің әрқайсысы тапқырлық пен зейінділік танытып, біліммен қаруланып, келесі тапсырмаларды орындады:

- музей твистерін ойнады;
- ақшаның қарабайыр түрлерін анықтады;
- арнайы «магнитизатор» құрылғысының көмегімен құстарды ұстады;
- ата-аналар көздерін жұмып жүріп, балалардың нұсқауы бойынша кірпіш қабырға қалады;
- ата-аналардың қолдауымен Балалар заттарды сұлбасы бойынша анықтады;
- ежелгі адамға айналды;
- жүнді өңдеу кезеңдерімен танысты.

Ойынға Теміртау қаласының тұрғындары қатысты.

2024 жылдың 23 қыркүйегінде Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Еңбек күніне орай «Шебер және шәкірт» коуч-тренингі өтті.

Әлемде алуан түрлі мамандықтар бар. Олардың ішінде қарапайым негіздерін үйреніп, бастапқы кәсіби дағдыларын игеру күнделікті өмірде пайдалы болуы мүмкін мамандықтар да бар. Сирек кездесетін мамандықтар да бар, олар біздің қаламыздың тарихымен тығыз байланысты және олармен танысу қызықты болады.

Ол үшін музейде біз мамандықтарға сәйкес 4 аймақ ұйымдастырдық:

- Көрікші
- Медбике
- Ағаш ұстасы
- Археолог

Олардың әрқайсысында біздің келушілер мамандық және еңбекті қорғау туралы ақпарат алды. Кәсіби жұмыс құралдарын зерттеп, олардың атауын және олар не үшін қолданылатынын анықтады.

Қатысушылар аймақтарға сәйкес практикалық тапсырмаларды орындай отырып, мамандықтардың негіздерімен танысты – олар дәрі егу мен жараны таңуды, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуді, шеге қағуды және бұрмашегені бұрауды үйренді.

Соңғы аймақ еңбек құралдарының атауын тестілеуге және сирек кездесетін кәсіптерді және олардың не істейтінін, сондай-ақ болашақта өзекті болатын мамандықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

2024 жылдың 1 қазанында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде қала күніне орай "Уақыт иісі" атты тарихи сенсорлық сабақ ұйымдастырылды.

Музей қызметкерлері тарихи дәуірлерді - иістер арқылы есте сақтаудың жаңа тәсілін ұсынды.

Сабақ барысында экскурсанттар Теміртау қаласының тарихына шолу жасап әртүрлі уақыт кезеңіндегі иістердің 12 түрін қарастырды: жусан, тезек, қара нан, картоп қабығы, "Қызыл Мәскеу" әтір суы және т. б.

Сондай-ақ балалар бір кездері ата-әжелері пайдаланған заттармен, ең көне артефактілермен және музей жәдігерлерімен танысты. Олар салынып жатқан нысандардың дыбыстарын, трамвай дөңгелектерінің соғуын және басқада дыбыстарды естуге керемет мүмкіндік алды.

2024 жылдың 10 қазанында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Т.Рысқұлов, Б. Майлин және С. Сейфуллиннің 130 жылдығына орай «Алты Алаштың Ардақтылары» зерттеу квизи өтті.

Іс-шараны өткізу үшін Қазақ мемлекеттік және саяси қайраткері, дипломат, түркі халықтарының құқықтарын қорғаушы Т. Рысқұловтың; көрнекті қазақ жазушысы, ақын, драматург, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Б. Майлиннің; қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын және жазушы, қоғамдық және мемлекеттік қайраткер С. Сейфуллиннің өмірі мен еңбегін қамтитын кітап түріндегі шағын экспозиция негіз болды.

Әрбір қатысушы үшін зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған мұрағаттардан алынған құжаттардың көшірмелері бар папкалар дайындалды. Квиз 3 турдан тұрды: блиц сұрақтар, құжаттармен жұмыс, қара жәшік. Оқушылар 2 ойыншыдан тұратын 5 командаға бөлінді, әр команда тапсырмаларды орындап, ұпай жинады. 3 турдың қорытындысы бойынша 80 ұпай жинап, №10 ЖББМ 8 сынып оқушылары Лесбек Елназ, Жексембек Амина жеңімпаз атанды. Ойын жеңімпаздарына сыйлықтар табысталды.

2024 жылғы 17 қазанда Теміртау тарихи – өлкетану музейінде дөңгелек үстел форматында Рухани Келісім күні аясында "Толеранттылық-қоғамдағы қауіпсіздік кілті" тақырыбында сұхбат өтті.

Дөңгелек үстелге қатысушылар әлемдік діндер мен діни толеранттылық негіздеріне қатысты мәселелерді қарастырды.

Мақсатты аудиториямен сауалнама жүргізілді, бұл дінге деген көзқарасты, дінді және белгілі бір діни көзқарастарды енгізетін "миссионерлермен" өзара әрекеттесуді анықтауға мүмкіндік берді.

Қонақтарға "Дін тарихы діни ғибадат заттары арқылы" экспозициясында музей жәдігерлерімен жұмыс ұсынылды, онда әртүрлі конфессиялық бағыттардағы рәсімдерді өткізу үшін 50-ден астам бірегей жәдігерлер көрсетілді.

Діни төзімділікті анықтау үшін жедел сауалнама және тестілеу өтті. Рефлексия-өзін өзі талдау әдістерін қолдана отырып, рөлдік жағдайлар форматындағы толеранттылық мәселелері қозғалды.

2024 жылғы 22 қазанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде «Қыран елім-Қазақстан!» атты Қазақстан Республикасы күніне зияткерлік ойын форматында брейн-ринг ұйымдастырылды.

Ойын 2 турдан тұрды. Ойыншылар екі командаға бөлінді. Әр турда әр дұрыс жауап үшін команда I балл алды. Ұпайлар саны таблоға шығарылды. Ең көп ұпай жинаған команда ойынның жеңімпазы атанды.

I тур "Сұрақ-жауап". Ойыншылар Қазақстан тарихы, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін сайысқа салды.

II тур "Қара жәшік". Қара жәшікте жәдігерлер жасырылған, ойынға қатысушылар сұрақтарға дұрыс жауап беріп, қара жәшіктегі заттарға қол жеткізді. Көрермендерге: құстұмсық жүзік, сәукеле, тымақ, құдағи жүзік, қамшы көрсетілді.

Ойын қорытындысы бойынша № 2 ЖББМ командасы жеңімпаз атанды. Жеңімпаз командаға естелік сыйлық берілді: Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің "Орталық Қазақстанның үлкен металының қайнар көзі" авторлық кітабы.

Ойынға 20 адам шақырылды, олар Теміртау қаласының № 2 ЖББМ және №10 ЖББМ оқушылары.

2024 жылғы 31 қазан күні Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде ақын Григорий Григориадидің туғанына 100 жыл толуына орай "Менің ұйқысыз түндерімнің достары" атты еске алу кеші өтті.

Григориади Григорий Фемистоклович (1924 – 1983 жж.) – ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҰОС ардагері, 1975 – 82 жылдары - Теміртау "Магнит" әдеби бірлестігінің, "Взлет" балалар шығармашылық тобының, авиа-моделистер үйірмесінің жетекшісі. Төрт поэтикалық жинақтың авторы: "Жан жылуы", "Жады таңбалары", "Жұлдызағым".

Ақынның мерейтойына орай музей қорынан Григориади отбасының жеке мұрағаттарынан фото - және деректі материалдар, қолжазбалар, жобалар, жұмыс материалдары, кітаптар және ақынның жеке заттары көрсетілді.

Кездесу ақынның шығармашылығы, оның қиын өмір жолы: понти гректеріне қарсы қуғын-сүргін, қан майдан және аяқтан айырылу, шығармашылық ізденістер туралы рухани әңгіме форматында өтеді. Израильден Теміртауға арнайы келген ақынның ұлы Ахиллес, сондай-ақ Григориадимен әріптес ақындар және оның шығармашылығының лебінде өскен ақындар естеліктерімен бөліседі. Қонақтардың арасында "Понтос" грек мәдени орталығының өкілдері, қаланың шығармашылық элитасы, БАҚ өкілдері болады.

2024 жылғы 11 қарашада Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Ұлттық валюта күніне орай "Тарихи Монополия" атты балама сабақ ұйымдастырылды.

«Тарихи монополия» ойыны оқушыларды бизнестің қызықты әлеміне аттануға, тауар ақша қатынастары және нарықтық құрылым туралы білуге бағытталған. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының негізгі бағыттарына сәйкес келетін ІРО-ға инвестициялау нысандарын зерделеуге мүмкіндік береді. Ойын стратегиясы-тапсырманы сапалы орындау және бәрінен бұрын табысты бизнеске инвестиция құю.

Ойын форматы өте жеңіл. Оқушылар бизнес топқа бөлінеді. Ойыншылар биржада берілген тапсырманы дұрыс орындап қарабайыр ақша түрінен бастап Кеңес Одағы ақшаларын төлем ақы ретінде алады. Биржада тапқан ақшаны банкте Ұлттық валюта – теңгеге бағам бойынша айырбастайды.

Тарихи дүкенде тапқан қаражатқа музей коллекциясынан заттар "сатып алынады". Сатып алу арқылы белгілі бір тауар өз кәсіпорнын аша алады: ат қора, Таверна, кір жуатын орын, тігін шеберханасы.

Ойын стратегиясы - тапсырманы жоғары деңгейде орындау және бәрінен бұрын табысты бизнеске инвестиция салу.

Алғашқы монополистер №6 ЖББМ 7 сынып оқушылары Әлия, Бауыржан, Сәбит болды, олар "Ат қораның" есігін салтанатты түрде ашты.

2024 жылғы 15 қарашада Теміртау тарихи-өлкетану музейінде Қазақстан Республикасының Ұлттық валюта күніне арналған "Теңге-Қазақстанның ақша жүйесінің негізі" атты дөңгелек үстел, оның аясында музейдің нумизматикалық жинағының жаңа күміс монеталарының тұсаукесері өтті.

Тұсаукесердің бірінші бөлімінде б.з. 69-211 жылдарға жататын 7 дана Рим динарийлерінің күміс монеталары, сондай-ақ Алтын Орданың 10 дирхем күміс монеталарын тапсыру сәті ұсынылды. Бұл монеталарды коллекционер Дуванов Валерий Федорович музейге сыйға тартты, ол көптеген жылдар бойы музеймен серіктестікте және коллекцияны үнемі қызықты және құнды жаңа нумизматикалық жәдігерлермен толықтырып отырады.

Екінші бөлімде "proof" сапасындағы жаңа қазақстандық күміс коллекциялық монеталар: номиналы 500 теңге KIIZUI монетасы, номиналы 500 теңге TILASHAR монетасы және номиналы 200 теңге болатын TUIE мельхиор монетасы ұсынылды.

Қорытынды бөлімде музеймен тығыз байланыстағы серіктестер мен белсенді коллекционерлерді алғыс хаттармен марапаттау салтанаты өтті, сондай-ақ қатысушыларға ұлттық валюта тарихы бойынша экскурсия ұсынылды.

2024 жылғы 20 қарашада Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде Дүниежүзілік балалар күні қарсаңында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті жоба аясында «Бақытты балалық шақ» атты музей квесті басталды.

Квест барысында жолкөрсеткіштің көмегімен аймақтардан өтіп, тапсырмаларды орындап «Шаңырақ» жинау керек.

Ал жолкөрсеткіш құлыпқа жабылған сандықта жасырылған. Құлыпты ашатын кілт қаптардың бірінде, балалар сол кілтті тауып, сандықты ашады.

Квест барысында экскурсанттар 6 аймақтан өтті:

- «магниттің» көмегімен құстар мен жануарларды аулап, оларды іріктеп, қораптарға салды;
- татар ұлттық тағамы «чак-чак» дайындады;
- «қолтырауын» ойынының көмегімен олар қара қорапта жасырылған жәдігерлерді тапты;
- көзбен көрмей, қолмен ұстап жәдігерлерді анықтады;
- тоқымашылық құпияларын ашып, өздерінің басқұрларын жасап, киіз үйді безендірді;
- жұмбақтар шешіп, жауабын «квадрописецтің» көмегімен жазды.

Балалар әрбір дұрыс орындалған тапсырма үшін шаңырақтың бір бөлігін алып отырды, соңында пазл жиналды.

Квестке Қарағанды облысы Білім Басқармасының КММ «№8 арнайы мектеп – интернатының» тәрбиеленушілері қатысты.

2024 жылғы 6 желтоқсанда Тәуелсіздік күні қарсаңында Теміртау тарихи-өлкетану музейінде квиз форматында «Тәуелсіздік шежіресі» атты жаңа интерактивті-танымдық бағдарлама іске қосылады.

Теміртау музейі, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, Қазақстанның Тәуелсіздік жолындағы қиындықтарға толы тарихи кезеңін музей заттары, интерактив және зияткерлік викториналар арқылы баяндайды. Ол үшін біз ғасырлар бойғы тарихтан бірнеше дәуірлерді алып, олар туралы ақпаратты аттас аймақтарда бейнеледік.

«Сақтар» - ойынға қатысушылар импровизацияланған археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді, табылған үлгілер бойынша (Алтын адам киімінің элементтерінің көшірмелері, Есік қорғанынан алынған күміс тостаған) аң стилін зерттеді, руникалық жазу негіздерімен танысты, қолда бар материалдардан ата-бабаларымыздың қаруы - скиф садағын жасады.

«Алтын Орда» және «Қазақ хандығы» мультимедиялық бағдарламамен, блиц-сұрақ жүйесімен, құпиялы қара жәшікпен, сондай - ақ XV-XVIII ғасырлардағы «Дала заңдары»: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» туралы баяндайтын бейнехроникамен сүйемелденеді. Экскурсанттар тарихи ұлы тұлғалармен танысты: Шыңғыс хан, Жошы хан, Керей хан, Жәнібек хан, Тәуке хан, Кенесары хан.

«Алаш Орда» аймағында ойыншылар мұрағат құжаттардың, фотосуреттердің және музей қорында сақталған анықтамалардың көшірмелері бар папкалармен зерттеу жұмыстарын жүргізді.

«Өзгерістер кезеңі» Алматыда және Қазақстанның басқа да қалаларында алғашқы демократиялық бас көтерулері үшін қамауға алынған жастардың тергеу хаттамалары арқылы квизге қатысушылар өз ойларын зерделеп, Тәуелсіздікке алғашқы қадам жасаған жандардың тағдырымен танысты.

«Қазақстан Республикасы» аймағында квизге қатысушылар Қазақстан Республикасының картасы бейнеленген пазлды жинады, картада бейнеленген әр облыстың тұсына аймақтың экономикалық бейініне сәйкес келетін жәдігерлерді орналастырды.

2024 жылғы 9 желтоқсанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде «Ой»: дәстүрлер мен қазіргі заман үйлесімі» атты этноскетчинг өткізілді.

Этноскетчинг жәдігерлер мен суреттер арқылы қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеуге бағытталған.

Этноскетчинг - бұл қатысушылар эскиздер мен кескіндемелер арқылы мәдениеттің этникалық элементтерін: ою-өрнектерді, халық костюмдерін, сәулет өнерін, тұрмыстық заттарды зерттейтін, сонымен қатар заманауи мәнмәтінінде дәстүрлермен өзара әрекеттесетін шығармашылық процесс.

Қатысушылар музей жинағынан ұсынылған нақты этнографиялық жәдігерлермен жұмыс істеді. Музей қызметкерлері мәдениеттегі этникалық элементтердің маңыздылығы туралы баяндады, ал теміртаулық суретші Ю.В. Пильтихин скетчинг техникасы бойынша шеберлік сабақ жүргізді.

Этноскетчингке Ғ. Жұбанова атындағы өнер мектебінің оқушылары қатысты. Іс-шара соңында қатысушыларға алғыс хаттар табысталды.

2024 жылдың 13 желтоқсанында Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде “Жауыртау: ата-бабалар жолымен” жобасы аясындағы ғылыми - зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша питч өткізілді .

Теміртау тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері мұрағаттардан 100 жыл бұрынғы тарихты тапты!

2024 жылы Теміртау қаласы өзінің 79 жылдығын атап өтті, бірақ бұл аймақтың тарихы әлдеқайда ертеректе жатыр. Бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарда музей қызметкерлері анықтаған құжаттармен дәлелденді.

Теміртау қаласы жекелей тұрған, аласа шоқылардың бөктерінде Жауыртау шатқалының етегінде орналасқан. Шатқалдың ең биік төбесі - Жауыр шоқысы - теңіз деңгейінен 628 метр биіктікте.

Дерек көздері өте аз, дегенмен солардың біріне сүйенсек, XX ғасырдың басында Жауыртау шатқалында Арғын, Мұрат, Елбай руынан 30-дан астам отбасы өмір сүрген. Қазіргі Самарқанд су қоймасының аумағында (Теміртау қ.), Жауыр өткел жерінде ағайынды Оразбек, Ниязбек және Тұрлыбек қыстақтары орналасқан.

Столыпин реформасы жылдарында, XX ғасырдың басында, Жауыртау шатқалының аумағында Ресей империясының орталық аймақтарынан қоныс аударушылар келе бастаған қоныс аударатын учаскелер бөлінді. 1909 жылы Самарқанд кенті (1945 жылдан - Теміртау қаласы) құрылды. Осы жағдайға байланысты қазақ ауылдары өмір сүрген жерлерінен кетуге мәжбүр болды.

1930-шы жылдары Нұра өзенінде бөгет салу нәтижесінде Самарқанд су қоймасы құрылды. Қазіргі уақытта ауылдардың барлық дерлік аумағы су астында. Әрине, қыстақтың тұрғын және шаруашылық үй-жайлары қирап, су астында қалды, тұрғындары қоныс аударылды немесе қуғын-сүргінге ұшырады.

Осылайша, Теміртау қаласы тарихының орасан зор бөлігі, осы аймақтың байырғы тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, жергілікті мәдениеті, өмір салты жоғалып кетті деуге болады.

XX ғасырдың басына дейінгі тарих аз зерттелген. Сонымен қатар, қолда бар ақпарат экспозицияға қажетті көркемдік бейне бере алмады. Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінің қорында осы кезеңнің тарихына қатысты мұрағаттық құжаттардың көшірмелері болған жоқ.

2018 жылы ММ «Теміртау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің» бастамасымен Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі қазіргі Теміртау қаласы орналасқан аймақтың - Жауыртау шатқалының тарихын зерттеуге бағытталған ғылыми – зерттеу жобасын іске асырды.

Жоба аясында XIX ғасырдың ортасынан бастап XX ғасырдың басына дейінгі өлкеміздің тарихы туралы қызықты, бірегей материалдар жиналды, музейіміздің «Қала тарихы» залында Жауыртау қыстауының үй-жайы қайта жаңғыртылып, құрылды.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Теміртау музейі «Жауыртау: ата-бабалар жолымен» атты кітапша ұсынды. Кітапшаға «Жауыртау: ата-бабалар жолымен»

ғылыми-зерттеу жобасы аясында анықталған, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатынан, Қазақстан және Ресей ғылыми кітапханаларынан, XIX ғасырдың мерзімді басылымдарынан табылған, XIX - XX ғасырдың басындағы Жауыртау шатқалы аумағының (Теміртау қаласының қазіргі аумағы) әкімшілік-аумақтық тиесілігі, басқарылуы, шаруашылығы, тарихы бойынша материалдар енгізілді.

Басылым материалдары өлкетанушы - тарихшыларға, өлкетанумен айналысатын оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ Отанымыздың тарихына қызығушылық танытушыларға пайдалы.

2024 жылғы 24 желтоқсанда Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде «Музейлік вайб» атты музей интерактиві іске қосылды.

Интерактивті бағдарлама жеке келушілер мен экскурсиялық топтарға арналған. Музей интерактиві 4 фотосурет аймағын қамтиды. «Шыршаның астында» фотосурет аймағында шыршаның жанындағы жаңа жылдық ортада суретке түсуге болады. «Мега сыйлық» фотосурет аймағы - бұл үлкен сыйлық қорабы, оның ішіне кіріп басқа сыйлықтардың ортасында суретке түсуге болады. «Бейнелер дүкені» фотосурет аймағында бейне түсіріп, әйгілі адамдардың, кино кейіпкерлерінің және мультфильм кейіпкерлерінің маскаларында суретке түсуге болады. «Елес селфи» фотосурет аймағында келушілер сүйкімді музей елесімен суретке түсуге мүмкіндік алды.

«Жаңа жылдық твистер» интерактивті аймағында музейге келушілер музей жәдігерлері туралы білімін сайысқа салды. «Хан ордасы» аймағында ең көп қапты сандыққа лақтырып түсірген адам Ұлы хан тағына отыру мәртебесіне ие болды. «Жаңа жылдық иістер» аймағында жаңа жылдық мерекемен байланысты 5 иіс ұсынылды. Олар ненің иісі екенін анықтау керек. «Бақыт түйіндері» аймағында 2025 жылға арналған тілекті түрлі-түсті таспаға жазып, сиқырлы бұтақтарға байлауға мүмкіндік берілді. «Шаңғы» аймағында тек экскурсиялық топтар қатысты. Шаңғыға бір уақытта 5-тен 10-ға дейін қатысушы тұрады. Шаңғымен синхронды түрде қозғала отырып, олар фотосуретте көрсетілген кәсіптермен қор заттарын сәйкестендіруі керек болды. «Жаңа жылдық жұмбақтар» аймағында жұмбақтарды шешіп, жауабын текшелердегі пазлдардан жинады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша, жаппай ғылыми - азарту жұмыстарының көрсеткіштерін қанағаттанарлық деп санауға болады. Жұмыстың жаңа әдістері – коуч-тренингтер, квиздер, адвенчура ойындары.

6. Онлайн жұмыс.

Бір жыл ішінде әлеуметтік желілерде 7 виртуалды жоба іске асырылды, олар 105 шығарылымда орыс және қазақ тілдерінде шықты. Музей 68 ақпараттық роликтер мен 39 мәтін шығарды.

Музей шығарылымдары 822 745 адамды қамтыды.

Жоба	Шығарылымның атауы және нөмірі	Формасы	Қаралымы
«Тарихи сәйкессіздік»	№ 185 -235 шығарылымдары	Фотосурет жұмбақтар	328 277

Ай жәдігері	1-12 шығарылымдары	экспозиция	25983
Промороликтер	1-24 шығарылымдары	проморолик	143503
«Теміртаулықтардың өмірінен шағын оқиғалар»	39-42 шығарылымдары	бейнеролик	19 121
Мәтіндік жарияланымдар	1-39 шығарылымдары	бейнеролик + пост	142571
«Ерекше жәдігер» жобасы	1-32 шығарылымдары	бейнеролик	80582
Тақырыптық бейне сюжеттер	1-10 шығарылымдары	бейнеролик	53834
Барлығы:			822 745

2024 жылдың қорытындысы бойынша музейдің онлайн жобалары сұранысқа ие, бірақ көрерменді біркелкі жұмыс түрі қызықтырмайды. Біркелкілік музейдің техникалық дайындығының нашарлығынан және бағдарламашы мамандардың жоқтығынан туындайды. Бұл ретте қызметтің бұл түрі музей үшін бейіндік болып табылмайды. Көрерменді музей залдарына қайтару үшін репортаж санын біртіндеп азайтудамыз. Бүгінгі таңда біз жарияланымдардың нысанын өзгерттік, ақпараттық форматтан жарнамалық-қызықтыру форматына көштік.

7.Музейдің әдістемелік жұмысы, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу

Есепті жылы музейдің әдістемелік іс-шаралар тізбесіне елеулі өзгерістер енгізілді. Музейдің ғылыми-әдістемелік кеңесінің жаңа құрамы жасақталды.

«Теміртау қаласының Қалалық білім бөлімі» ММ-нің көмегімен Теміртау қаласының оқу орындарымен музей сабақтары мен білім беру бағдарламаларын өткізу туралы меморандумдар жасалды. Музей базасында өлке тарихын зерделеу бойынша «Қала мектептері оқушыларының ғылыми-зерттеу бірлестігі» жұмысын жалғастырды.

ҚР көрнекті саяси қайраткерлерінің мерейтойына арналған ғылыми-зерттеу жобаларының конкурстарын, Теміртау қаласының тарихын зерттеуді насихаттау мақсатында Теміртау қаласының тарихи оқиғаларын, музейді зерттеу тақырыптарына сурет салу конкурстарын ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілді. Музейдің ғылыми қызметкерлері тарихи тақырыптардағы қалалық және облыстық конкурстарға әділқазылар мүшесі ретінде қатысты:

- 2024 жылғы 2 мамырда Ғ. Жұбанова атындағы «Экология және адам» өнер мектебінде қазылар алқасы
- 2024 жылғы 27 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» қалалық сурет байқауының қазылар алқасы
- 2024 жылғы 23 қазанда «Кіші Отан тарихы - менің елімнің тарихы» ғылыми - практикалық конференциясында қазылар алқасында мүшелік.

Музей клубтарының жұмысы:

«Т-АРТ» клубы

Жыл бойы музейде музей қызметкерлерінің бастамасымен ұйымдастырылған «Т-АРТ» қала суретшілерінің клубы жұмыс істеді. Клуб ай сайынғы отырыстарды өткізеді. Олар бір көрме ұйымдастырып, дайындады. Клуб мүшелерінің пленерге шығуына бастама жасалды. Клуб жанынан құрылған көркемдік кеңес жас және жаңадан бастаған суретшілер арасында мәдени-білім беру жұмыстарын жүргізеді.

«Нумизмат» клубы

«Коллекционер» клубы музейдің «Нумизматика» залында жұмыс істейді. Олар отырыстарды тоқсанына бір рет өткізеді. Клуб мүшелері қаланың нумизматтары үшін кеңес береді. Өз коллекцияларын көрсетіп, алмасу жүргізеді.

«Атамекен» клубы

Теміртау қаласының мұрағаттарында ғылыми материалдарды жинау және өңдеу жұмыстары жүргізілді.

«Барлығына арналған музей» әлеуметтік жобалары - ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған бейімдеу бағдарламалары іске асырылды. Осы бағдарлама аясында «Радуга» ҚБ, «Барс» ҚБ, мүгедектердің бос уақыты ТМУ КМК жұмыс істеді. Келесі музейлерге ТЭЖ әзірлеуге көмек көрсетілді:

- Теміртау қаласының Достық үйі

- Теміртау қ. Қарағанды индустриялық университеті

Үкіметтік емес ұйымдармен: ұлттық мәдени орталықтармен, діни бірлестіктермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізілді.

Мұражай қызметкерлері семинарлар мен ғылыми-практикалық конференцияларда спикерлер болды

- 2024 жылғы 18 сәуірде Астана қ. «Еуразияның қазіргі тарихы және тарихи-антропологиялық зерттеулер» халықаралық практикалық конференциясында спикерлік
- 2024 жылғы 28 мамырда Жаппай саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орайластырылған конференцияда спикерлік «Сөзсіз.Үнсіздік»
- 2024 жылғы 19-20 шілде аралығында Лисаков қаласының «Өңірдің мәдени әлеуеті, ресурстары, даму перспективасы» халықаралық семинарында спикерлік

8. Баспа қызметі және БАҚ.

Ғылыми кітапхана және ғылыми мұрағат.

Музей ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша келесі баспа басылымдарын шығарды:

- Аға ғылыми қызметкер Трещева С.П. «Суретші, мұғалім, патриот» ТТӨМ сайты, қаңтар 2024 ж.
- Ғылыми қызметкер О. А. Шувалова – «Қазақ даласындағы индустрияландыру лебі», ТТӨМ сайты, сәуір 2024 ж.
- Аға ғылыми қызметкер Трещева С.П. «Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы» ТТӨМ сайты, қазан 2024 ж.
- Аға ғылыми қызметкер Хмелева Т. В. «XIX - XX ғасырдың басындағы Жауыртау шатқалы халқының тарихына қатысты мұрағаттық құжаттар мен басқа да дереккөздерге шолу», Теміртау қ., ТТӨМ, желтоқсан 2024 ж.

- Аға ғылыми қызметкер С.П. Трещева С. Бабийдің жеке көрмесіне арналған кітапшадағы мақаласы «Өмір шығармашылықта», желтоқсан 2024 ж.

Ғылыми қызметкерлер онлайн режимінде шығарылған және 7 әлеуметтік желіде орналастырылған роликтер үшін ғылыми мәтіндер жазды.

Пән мұғалімдеріне көмек ретінде 2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда қолдану үшін тақырыптық «Музей сабақтары – экскурсиялар» тізімі бар ақпараттық анықтамалықтар шығарылды.

Келушілерді қызықтыру және жарнама мақсатында өткізілетін экскурсиялар тақырыбы ұсынылған басылымдарды қаладағы оқу орындарына тарату ұйымдастырылды. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде және қор жинағының көрмелері бойынша кітапшалар басылып шығарылды.

Есеп беру кезінде Теміртау музейінің жұмысы туралы **47 мақала жарияланды** және Теміртау қаласының, Қарағанды облысының және республиканың теледидар арналары бойынша **12 репортаж көрсетілді**.

Музей қызметкерлері Теміртаулық бұқаралық ақпарат құрал журналистерімен тығыз байланыста жұмыс істейді, оларға мақалаларына ақпарат дайындауға көмектеседі.

Ғылыми қызметкерлер қаланың TV компаниялары үшін сюжеттерге сценарий дайындап, және де сол репортажды түсіруге тікелей қатысты.

Жыл бойы музейдің келесі әлеуметтік желілерінде материалдар жарияланды:

1. «Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» ресми сайт - <http://museum.temirtay.kz/>
2. «Одноклассники» - <https://ok.ru/profile/587384616207>
3. «ВК» - <https://vk.com/id384276791>
4. «Facebook» - <https://www.facebook.com/Темиртаускиймузей>
5. «YouTube» - https://www.youtube.com/channel/UCyX8PgdiPqrBqhmplH_8zLw/videos?view_as=subscriber
6. «Instagram» - <https://instagram.com/temirtau.muzey?igshid=m0h4yt7ax10>
7. Телеграмм-канал - @museumtemirtau

9. Ақылы қызмет енгізу бойынша жұмыс.

Ақылы қызметтің негізгі ауыртпалығы қала оқушылары үшін жүргізілетін экскурсияға түседі. Ұйымдастырушы-экскурсоводпен жүйелі хабарландыру жарнамасы, оқу үрдісінде музейлік педагогиканы қолдану әдістемелігі дайындалып, осының арқасында көрсететін ақылы қызмет көлемі кеңейтілді.

Музейді зерттеу бойынша ақылы кеңес беріледі. Қорда сақталатын құжат және фото материалдармен жұмыс жасауға мүмкіндік беріледі.

Теміртау тарихи-өлкетану музейінде көрсетілетін негізгі ақылы қызметтер:

- Экскурсиялар (стационарлы және сырттай)
- Қала бойынша экскурсиялар
- Жеке келушілер
- Тақырыптық экспозицияларды құрастыру және ашу
- Әдістемелік ұсыныстарды тарату
- Ғылыми қызметкерлердің ақылы кеңестері.

Музей қызметкерлерімен ұйымдастыру бойынша ақылы қызметтер көрсетіліп, қала мекемелерінде 1500,0 мың теңге сомасына көшпелі экспозициялар мен көрмелер өткізілді.

10. Музейдің материалдық-техникалық базасы.

КМҚК «Теміртау тарихи-өлкетану музейі» облыстық бюджеттен қаржыландырылады. Бюджет қаржысынан экспозицияны қалыптастыруға және іс-шараларды өткізуге қажетті материалдар сатып алынды

Шатыр мен жылу жүйесіне ішінара жөндеу жұмыстары 820,0 т.т. сомада жүргізілді;

Ғимаратты мүмкіндіктері шектеулі адамдардың келуіне бейімдеу бойынша 702,0 т.т. сомада жұмыстар жүргізілді;

«Понтера» мүгедектеріне арналған баспалдақ көтергіші 960,0 т.т. сомаға сатып алынды;

Экспозициялық материал ауыстырылды;

2024 жылы өз қаражаты есебінен музейдің техникалық базасы жаңартылды:

- Компьютерлер – 1 дана;
- МФУ- 2 дана;

Теміртау музейінің материалдық -техникалық базасын жақсарту үшін қажет:

- автобус
- калориферлер
- климатбақылаушы құралдар
- музейлік жаңа құрал-жабдықтар
- реттеу жүйесі бар ылғалдылық көрсеткіш
- Проекциялық құрал

11. Музейді қорғау.

«Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын күзетшілер қорғайды. Музейдің ішкі және сыртқы аумағы бойынша бейнебақылау орнатылды.

12. Қорытынды.

Экскурсия көлемін ұлғайту үшін 2024 жылы ғылыми-жинақтау жұмыстары жүргізілді, бұл бұрын ашылмаған жаңа тақырыптар бойынша экспозицияларды ашуға мүмкіндік берді.

Жұмыс дәрежесін жақсарту үшін қажет:

- Штатқа музейлік педагог, өнертанушы, программист, дизайнер ставкаларын енгізу;
- Қауіпсіздікті және музей аптасына 7 күн жұмыс істеу мүмкіндігін жасау үшін 4 қараушы мөлшерлемесін қосу;
- Автобус сатып алу және жүргізуші ставкасын енгізу.
- Көшпелі көрмелер үшін тақырыптар тізімін кеңейту
- Келісімді -экскурсиялық қызметін көрсету жүйесіне көшу.
- Жәдігерлер сатып алу үшін бюджетке жалпы соманы енгізу
- Музейге келушілердің санын ұлғайту
- Ғылыми- зерттеу және жинақтау қызметінің саласын кеңейту.

- Көрсетілетін қызмет түрлерін кеңейту
- Жұмыс жағдайын жақсарту

13. 2025 жылға қойылған міндеттер

Негізгі міндеттер:

- музей жинақтары мен музей заттарын жинақтау, есепке тіркеу, сақтау және қайта жаңарту, ағартушылық пен білім беру қызметін жүзеге асыру;
- музей жинақтары мен музей заттарының халық үшін қол жетімдігін қамтамасыз ету;
- музей жинақтары мен музей заттарын анықтау, зерттеу, жариялау;
- музей қызметін әлеуметтік- жас шамалық, білімділік жағынан түрлі топтардың талабы мен қызығушылығын ескере отырып ұйымдастыру;
- музейге келушілердің санын арттыру;
- музейдің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- музейлік, экскурсиялық, бос уақытты қызықты өткізу қызметінің жаңа заманауи әдістерін дамыту;
- музей ісінің ұйымдастырылуына Интернет-технологиялар мен компьютеризациялауды енгізу;
- білім беру және ғылыми мекемелермен бірлесе жүргізетін жұмысты ұйымдастыру.

Қызметтің негізгі бағыттары:


- музей заттарын есепке тіркеу және сақтау;
- музей қорын жинақтау;
- қорда сақталатын заттарды зерттеу, жүйелеу, электрондық базасын қалыптастыру;
- көркем студиялар, үйірмелер, дәрістемелер, түрлі қызығушылығына қарай біріккен бірлестіктер құру;
- мәдени-ағартушылық пен мәдени-педагогикалық қызмет;
- заңды және жеке тұлғаларға мәдени-жаппай және туристік-экскурсиондық қызмет көрсету;
- музей мамандарының біліктілігін арттыру;
- музей қырыны бойынша монографиялар, тізімдемелер, кітапшалар дайындау;
- музей жинақтары мен заттарын қорғау бойынша іс-шараларды құрастыру және іске асыру;
- азаматтарға қосымша музей және сервис қызметтерін ұсыну;
- музей аймағында жаппай іс-шараларды, тұсау кесер шараларды өткізуді ұйымдастыру.

**Теміртау тарихи - өлкетану
музейінің басшысы:**


Н.Скорикова

Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі 6 әлеуметтік желіде және 2 бейне хостингте - You Tube және Tik Tok - жұмыс істеді.

- В контакте




- Одноклассники




- Twitter




- Facebook




-Instagram




-Telegram



-Tik Tok



- «Музей альманахы» жинағы басып шығарылды.




Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейі

МУЗЕЙЛІК АЛЬМАНАХ



Теміртау, 2024 ж.

- «Жауыртау: ата – бабалар жолымен» жобасы бойынша «XIX-XX ғасырдың басындағы Жауыртау шатқалы халқының тарихына қатысты мұрағаттық құжаттар мен басқа да дереккөздерге шолу» буклеті басып шығарылды.



- Теміртау қаласы тұрғындарының сталиндік қуғын-сүргін дәуірі туралы естеліктер жинағы жарық көрді.

